

Орда-балық ескерткішіндегі қытай жазбасы

Орда-балық ескерткіші және ондағы қытай жазбасы

Орда-балық ескерткіші ғылымда «Тоғыз оғыз Білге қаған ескерткіші» деп те аталады. Орда-балық атауы ескерткіштің тұрған орнына қаратылса, «Тоғыз оғыз» және «Білге қаған» сөзі осы ескерткіштің иесіне және оның шыққан тегіне қаратылған. Ескерткіштің ескі қытай тіліндегі толық аты “Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қағанға арналған қасиетті тіл, тылсым қару ескерткіші” (九姓回鶻愛登裏羅汨沒蜜施合毗伽可汗聖文神武碑). Осындағы “Тоғыз оғыз” яғлақар түріктерінің ең негізгі тайпа одағы, яғни, яғлақар бастаған тоғыз тайпадан құралған бірлестік. (愛) “Аі” сөзі аспандағы айды меңзейді. Оғыз түркілері Ай мен Күн терминін басқаларды құрметтеу үшін қолданған. “登裏” (Tängri) — Көк Тәңірі; “羅” (dā) -жатыс немесе шығыс септік жалғауы; “汨” (qut) —құт, бақыт; “沒蜜施” (bulmyš) —болатын, болушы; “合” (Älp) —алып, күшті, батыр; “毗伽” (Bilgä) — білгі, дана; “可汗” (Qahan) —қаған, хан. Соған негізделгенде қытайша “Көне Таң кітабы. Ұйғырлар баянында” кездесетін “愛登裏羅汨沒蜜施合毗伽可汗” деген сөз осы ескерткіштегі “Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қаған” (төменде— Алып Білге қаған) деген сөздің дыбыстық аудармасы, яғни, “Тәңір силаған қасиетті де құдіретті, ақылды қаған” деген сөз болып шығады [1, 20 б.].

Алып Білге қаған ескерткіші 814 жылы оның көзі тірісінде, Біріккен түркі қағанаты әлі де бір орталықтанған мығым кезінде тұрғызылды. Содан, 1890 жылы Фин ғалымы А.О. Гейкель Монғолияға жасаған экспедициясы кезінде ғана бұл ескерткішті байқап, 1892 жылы ондағы жазбаларды өзінің әйгілі «Орхон ескерткіштері» (Inscription de L'Orhon recueillies par l'expédition Finnoise 1890 et publiées par la Société Finno-ougrienne) атты атласына енгізді [2, 38 б.]. Байырғы түркілердің астанасы Қарабалғұсын қаласының (қосымша Г) маңындағы Көше Цайдам өңірінен табылған бұл ескерткіш тастағы жазбалар түрік, соғды және қытай – үш тілде нақышталған еді.

Ерте кезден түрлі діни ағымдар, этностар, олардың мәдениеті Жетісу аймағына дейін әрекет етіп келген болатын. Сол қатарда оңтүстік азиялық мәдениет пен діни сенімді таратушы байырғы соғдылар да болды. Соғдылар өз тарапында Үнді, Парсы мәдениетіне жақын халық болатын.

В.В. Бартольд соғдылықтардың Орта Азияға қоныс аудару себебі сауда деп санады [3, 461-470 бб]. Түрік тілді ортаға түскен соғдылар жергілікті түркі мәдениетіне тез үйірлесіп кетті. Түптеп келгенде, соғды топтары түрік халқы бұқарасымен сіңісіп кетті. XI ғасырдағы М.Қашқаридың соғдылықтардың ішінде түрікше сөйлемейтіні жоқ деуі де сондықтан дейді С.Л. Болин [4, 83 б.]. Бұғыты ескерткішін зерттеген С.Г. Кляшторный мен В.А. Лившицтің «соғды жазуы алғашқы түркі қағанатының ресми алфавиті болған» деген пікірмен келісуге болмайды. Өйткені алғашқы Түркі қағанаты заманында соғды жазуымен қатар қытай иероглифімен, брахми жазуымен де бірнеше ескерткіштер қалған. Б.з. V-VII ғасырлар аралығында Орталық және

Оңтүстік Азияда ресми қатынастар қытай, брахми, соғды графикасымен жасалып тұрған. Сондықтан да, Алғашқы Түркі қағанаты заманында байырғы түркілер осы жазулармен ел мен ел тұлғаларының тарихын жазып қалдырған. VI ғасырға жататын Орталық Монғолиядағы Күйіс-Толоғай ескерткішінің тас ұстынындағы жазба брахми жазуының кхашора графикасымен, Орталық Монғолиядағы Қарағол ескерткіші қытай иероглифімен қашап қалдырылған [5, 103 б.].

Гэн Шиминнің пікірінше, Монғол үстемдігі дәуірінде көне түрік тілі халықаралық қатынас тіліне айналған [6, 479 б.]. Ескерткіштің үш тілде жазылуына көне түріктердің өздерінің де мәдениет алмасуға деген ынтасы мен ашық сыртқы саясаты әсер етті. Олар өздері жасап жатқан аймақтың айналасының бәрімен жиі қарым-қатынаста болып отырғаны себепті, осы аймақтардағы әр түрлі мәдениеттің бәрімен етене араласып кетті. Өздерін төңіректің төрт бұрышындағы елдерге жақсы таныстыру үшін, олардың тіл-жазуын үйренді. Маңызды тарихи ескерткіштерді екі немесе үш тілде жазып қалдыруды дағдыға айналдырған.

Ескерткіштің көп жері ауыр дәрежеде зақымдалды. Әсіресе, ескерткіштегі соғды жазуының жарымындай бөлігі, түрікше жазбаның азғантай үш бұрышты бөлігі ғана сақталып қалған еді. Ал ескерткіштің оңтүстік бетіндегі қытайша жазба ғана едәуір толық болатын. Бұл содан бастап Біріккен Түркі қағанатының тарихын Қытай деректерімен салыстыра зерттеуде таптырмайтын қосымша дерек көзі ретінде ғылыми айналымға енді.

Қытайша жазба алғаш байқалған кезде сегіз бөлікке бөлініп сынып жатқан болатын. Олардың арасынан екі үлкен сынығы 1909 жылы Ресей экспедицияшылары тарапынан Санкт-Петербургке артып әкетілді. Кейін ресейлік В. Радлов, голландиялық Г. Шлегель, франциялық Э. Шаванн (Chavannes), қытайлық Ли Вэньтянь, Ван Говэй секілді ғалымдар тұс-тұсқа тарап кеткен бұл нұсқаларды өзара біріктіріп, әр түрлі альманақтарда жариялады. Бұған дейін тұтас жазбаның кей тұстарын түгендеу мүмкін болмаса да, тұтас жазбаның бас-аяғы толықтанып, жалғап оқуға болатындай жағдайға келді. Жоғарыдағылармен бір уақытта Жапон ғалымы Ханеда Тору да өз алдына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол «Таң дәуіріндегі ұйғыр тарихы туралы зерттеуде» (唐代回鶻史之研究:史學論文集) жарияланған «Тоғыз оғыз Білге қаған ескерткішінің» реттелген нұсқасы мен Пекин Орталық ұлттар институтында сақталып келген XX ғасырдың бас кезінде аталмыш ескерткіштің өзінен алынған эстампажды салыстыра зерттеп, түсініктеме жазды.

Біздің ұсынып отырған нұсқамыз осы аталған ғалымдардың зерттеуі негізінде Қытай ғалымы Чэн Суло ұсынған нұсқа [7, 11-21 бб.] мен Ресей ғалымы В.Васильев 1897 жылы жазған «Китайские надписи на Орхонских памятниках в Кошо-Цайдаме и Карбалгасуне» атты зерттеуінде берген нұсқаға сай толықтырылды.

Қарабаласағұндағы осынау тас ескерткіште қашап қалдырылған қытайша жазба негізінен Түркі қағанатының жалғасы ретінде бой көтерген Біріккен Түркі қағанатының сонау Хошу (護輸) хан, Құтлық Көл Білге

хандардан (Құлбойла, қытайша — 骨力裴羅) бастап, кейінгі Баянчұр Горхан (Тәңірде болмыш Ел- етмыш қаған—葛勒可汗 немесе 磨延啜), Бөгу хан (牟羽可汗, Тәңір қаған немесе Ай тәңірде Құт болмыш Көл Білге қаған), Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қағанға дейінгі кездегі тарихынан сыр шертеді.

Көне ұйғырлардың тілін, дәстүрін және мемлекет құру үрдістерін жіті зерттеген ғалымдар, оларды бұдан бұрынғы көк түріктермен тек атауы ғана алмасқан бір халық деп есептейді (1). Демек, олар VIII ғасырда билік басына шыққан түріктің басқа бір тайпасы болатын. “Ұйғыр” этнонимі В.В.Радловтың пікірінше, VIII-IX ғасырларда түркі тілінде “ұйю, бірігу, ынтымақтасу” деген мағынаны берген. Бұл сөздің етістіктен болған келер шақтық анықтауыш түрі “ұйғыр” және түбір сөзі “үю” қазақ тілінде күні бүгінге дейін сақталып келеді. И.Я. Бичуриннің анықтауынша, солтүстік Монғолияда жасаған 12 тайпа 456 жылы Селенга өзенінің бойында Ойхор мемлекетін құрған. Бұл термин 1909 жылы Фин ғалымы Г.И. Рамстедт (G.J.Ramstedt) Монғолияның Тушетхан аймағының Шинэ-ус көлі (Селенга өзеніне таяу жердегі-ав.) атырабынан тапқан Елетміш Білге қағанның үшінші ескерткішіне ойып жазылған. Бұл ғылым әлеміне бірінші рет танылған Біріккен Түркі қағанаты (745-840) дәуіріне тән көне түркі жазуындағы ескерткіш еді. Аталмыш таста: “anta qalmuşu bodun on ujur toquz oğuz üze yüz jül oluğmuş ...” (ол жерде қалған халық—он ұйғыр, тоғыз оғыз үстінде жүз жыл отырып...) деген жолдар кездеседі [8, 79 б.]. 1976 жылы Қ.Сартқожаұлы мен С.Г. Кляшторный құрамында болған монғол-кеңес біріккен экспедициясы Монғолияның Хубсгол аймағынан тапқан Елетміш Білге қағанның бірінші ескерткішінде де “біріккен, бірігу” мағынасында жұмсалған “ujurmuş” сөзі кездеседі. Бұл сөздің түбірі—“ujur”, ал “muş”—анықтауыш сипатты өткен шақ қосымшасы [9, 36 б.].

Ертеде Түркі қағанатын құрушы түріктер түріктің Ашына тайпасынан шықса, Ұйғыр қағанатын құрушы ұйғырлар түріктің яғлақар тайпасынан шыққан [10, 43 б.]. Алдағы 2-тарауда атап көрсеткеніміздей, Екінші Түркі (Ұйғыр) қағанаты анағұрлым көп оғыз тайпаларының бірлестігі еді.

745 жылы тоғыз оғыздар Ашына түріктердің үстемдігін аударып тастап, Ұйғыр (Біріккен Түркі) мемлекетін құрған кезде негізгі билік ашына ақсүйектерінен яғлақар ақсүйектерінің қолына көшті. Ұйғырлардың түркі қағанатының ішінен өсіп-өнген біртекті этнос екенін Орхон ескерткіштері мен қытай деректері бұлжытпай дәлелдейді. Ең басты белгісі олардың тіл-жазуының ортақтығы. Орхон ұйғырлары манихэй дінін қабылдап, соғды жазуын қолданғанға дейін көне түркі жазуын пайдаланған. Түріктер секілді олар да бөріге табынып, хан ордасының алдына бөрі басы байрағын тігетін. “Жаңа Таң кітабы, ұйғырлар баянында” осы Баянчур қаған Таң жеріне әскер бастап барып, “Ань Лушань және Ши Симинь бүлігін” жаныштауға көмектескен кезде, қаған өзінің айбатын асыру үшін әскерін қаз-қатар сапқа қойып, Таң сардары Го Цзыиді алдымен бөрібасы байраққа тәу еткізіп, одан соң қабылдайды. Бұдан сырт көне ұйғырлар мен түріктердің той-томалақ, өлім-жітім салттары да бірдей болатын. Осы және басқа да ұқсастықтарды

назарға ала отырып, неміс ғалымы А. Габайн: “745 жылы түріктердің ішінен шыққан, ұлты түрік ұйғырлар олардың Монғол даласындағы мұрагері және талай жылғы салт-дәстүрлерінің куәгері ретінде жарыққа шықты”- дейді [11, 6 б.]. Сондықтан бұл жұмыста көне ұйғырларды қазіргі ұйғырлармен шатастырмау үшін, Орхон Ұйғыр қағанатын көп жағдайда Біріккен Түркі қағанаты деп қолдандық. Ал “ұйғыр” этнонимін «түрік» немесе «түркі» деп пайдаландық. Аталмыш мемлекетті құруға ұйытқы болған тайпалар бұрындары теле деген ортақ атпен қазіргі Қазақстан мен Шығыс Түркістан шегінде жасаған еді (2). 745 жылы түркінің яғлақар тайпасының ақсүйегі Құл-бойла осы тайпаларға жетекшілік етіп, Ашына ақсүйектерінің үстемдігін аударып тастап Біріккен Түркі (Орхон ұйғыр) мемлекетін құрды. Бұл мемлекет 95 жыл өмір сүріп, 840 жылы өздерінің солтүстік-батыс жағындағы қырғыз бауырластары тарапынан жойылды. Бұдан соң мемлекет шегіндегі халықтардың басым бөлігі оңтүстік, оңтүстік-батыс және батыс бағытқа қарап көшті (3).

Тянь-Шаньның солтүстік етегін бойлай батысқа қоныс аударған оғыздар, яғни, таудың солтүстігіндегілер ұзақ уақытқа дейін өздерінің көшпенді мәдениетін сақтап қалды. Сөйте тұрып, Оңтүстік Қазақстан мен Мауреннахрдегі саяси-экономикалық процесстерге жиі ықпал етті. Осылайша, 999 жылы Орта Азиядағы ең соңғы ариандық мемлекет Саманилер хандығын аударып тастап, Қара Хан мемлекетін құрды. Сол кезде олар өздерін байырғы Тұран батырының атымен “Афрасиаб патшалығы” деп атаған. Ал, “Қара хан” сөзі таяу заманғы орыс зерттеушілері тарапынан ұсынылған атау болатын (4).

Осылайша, Орхондық яғлақар түркілерінің көшіп келуі мен одан кейінгі Шыңғыс шапқыншылығының нәтижесінде XIII ғасырда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда кейінгі кезде қазақ халқының бір тұтас этносаяси тұтастығын қалыптастыруға негіз болған тайпалардың біразы шоғырланған еді (5). Біріккен Түркі қағанаты күйрегеннен кейін, оның тікелей ізбасары ретінде Орхон бойында көне түріктердің Найман, Керей, Меркіт сынды тайпалық мемлекеттері дүниеге келді. Қытайдың “Ляо ши” және “Цзиньши” атты тарихи деректерінде, “найман” атауы “нанбаг”(няньбагэ), “нанбан” (няньбаэнь) деген аттармен хатқа түскен. Мұның кейінгі «найман» екенін және түркі тілінде сөйлегенін, сондай-ақ, Алтай тауында көшпелі малшаруашылығымен шұғылданып, батыста Ертіс өзеніне, солтүстікте қырғыздарға дейін иелік құрғанын қытай зерттеушілері растайды [12, 3880 б.] (6).

Орхон ұйғырлары (оғыздары) 750- жылға дейін байырғы түркі руникалық жазуын қолданып келсе, одан соң соғды жазуы негізіндегі ұйғыр жазуын, кейін келе араб жазуын қолданды. Орхон оғыздары батысқа көшкеннен кейін, алдымен будда, христиан, одан соң ислам дініне сенді. Бірақ, түрколог Гэн Шиминьнің пікірінше: Қарахан мемлекетінің түрікше жазба тілі мен Орхон ескерткіштерінің және Идікүт Ұйғыр мемлекетінің жазба тілі арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ, тек айырым диалекттер ғана болған [6, 492 б.] (7).

Сондықтан Орхон өлкесінде олардың қолымен тұрғызылған ескерткіштердің барлығы да көне түркі ескерткіштері болып табылады. Солардың бірі — біздің зерттеу нысанамыз болып отырған Орда Балық ескерткішіндегі қытай жазбасы (Қосымша F, D). Бұл біріккен Түркі қағанатының тоғызыншы қағаны Алып Білге қағанның (808-821) құрметіне арналып 814 жылы орнатылған. Алып Білге қаған біріккен Түркі қағанатының бір мезгіл құлдырап, қайталай гүлденген дәуірінде өмір сүрді. Билік басында 14 жыл отырды. 808 жылы Тәңір қаған қайтыс болған соң билік басына келді әрі Таң хандығы оған Ай Тәңірде құт болмыш Әділетті қорғаушы Алып Білге қаған (愛登裏羅汨沒蜜施合毗伽保義可汗) деген атақ берді. Бұл оның Таң мемлекетімен жақын қарым-қатынаста болғандығының куәсі.

Қосымша 7-дегі қытай жазбасы XIX ғасырдың соңында ресейлік В.Радлов, голландиялық Г. Шлегель, франциялық Шаванн (E.Chavannes), қытайлық Ли Вэньтянь, Ван Говэй секілді ғалымдар тұс-тұсқа тарап кеткен нұсқаларды өзара біріктіріп, толықтырған нұсқалар мен Жапон ғалымы Ханеда Торудың (羽田亨) «Таң дәуіріндегі ұйғыр тарихы туралы зерттеуінде» (史學論文集) жарияланған «Тоғыз оғыз Білге қаған ескерткішінің» реттелген нұсқасы мен Пекин Орталық ұлттар институтында сақталып келген Цин патшалығының (1664-1911) соңғы кезінде аталмыш ескерткіштің өзінен алынған эстампажды салыстыра зерттеуі негізінде қытай ғалымы Чэн Суло (程溯洛) ұсынған нұсқаға сай толықтырылды.

Жазбаның жолма-жол аудармасы

九姓回鶻愛登裏羅汨沒蜜施合毗伽可汗聖文神武碑

Тоғыз оғыз Айтәңірде Құтболмыш Алып Білге қаған киелі жазу,

қасиетті қару ескерткіші

(Мәтінді қосымша F, D-дан қараңыз)

1.1-1.24: 九姓回鶻愛登裏羅汨沒蜜施合毗伽可汗聖文神武碑并序
Тоғыз оғыз Айтәңірде Құтболмыш Алып (Көл?) Білге қаған киелі жазу,
қасиетті қару ескерткіші және

1.57-1.65: 合伊難主莫賀達幹撰

Алып Инаныш Баға тархан жазды

2. 5-2. 14: 莫賀達幹頡紆伽哩伽思

Баға тархан Жиєюй жялижяс (Жиєюй галигас)

2.24-2.29: 頡紆伽哩伽思

Жиєюй жялижяс (Жиєюй галигас)

3.1-3.10: 聞夫乾坤開闢, 日月照臨。

Аспан мен Жердің арасы сейіліп, Ай менен Күн жарық шашты (8).

3.11-3.22: 受命之君, 光宅天下, 德化昭明,

Тәңірдің әміріне жүгінген патша Аспан астына жаппай тыныштық орнатып, ізгі ақлақ салтанат құрып,

Қаған олардың арам ниетіне ашуланып, киелі қаруын ойнатып, жауынгер жанашырлығымен Көктің ұлының қосындарымен селбесіп, күш біріктіріп, Лоянды алдың.

7.41-7.57: 皇帝與回鶻長為兄弟之邦，永為舅甥之國。

Патша ағзам құйғырмен бауырластық одақ орнатып, мәңгі-бақи нағашы-жиен болып қалуға келісті.

7.58-8.17: 可汗乃頓軍東都，因觀風俗敗民弗師，將睿息等四僧入國，闡揚二祀(宗)，洞徹三際。

Қаған шығыс астанада қосындарын ретке келтіріп, жер-судың жағдайымен, дәстүр-салтымен танысып, тілеу тілесіп, Руйци сынды төрт монахты еліне алып қайтты, «екі негіз» (екі иылтыз), «үш ғұмыр» жолын үгіттеді (11).

8.18-8.36. 況法師妙達明門，精通七部，才高海嶽，辯若懸河， Жарыққа жетудің жолын нұсқады, жеті тәпсірді жатқа біліп, ақылы жұрттан асты, білігі биікке тартты.

8.37-8.58: 故能開正教於回鶻，(茹葷)湏酪為法，立大功績，乃曰汝係悉德。

Ақ-әділ дінінің құйғырларға таралуы арқылы, қаз-үйрек, балық еті мен құрт-ірімшік жеуді салтқа айналдырды, ерен еңбек көрсетіп, сен ақлаққа қалай жетесің деп сұрап отырды.

8.59-9.9: 于時都督刺史，內外宰相，司馬僉曰，今悔前非，崇事正教。

Бір кездері тұтықтар мен дуанбасылар, ішкі-сыртқы уәзірлер, сыпалар тегіс былай деді: бүгін біз кешегі кіналарымыз үшін өкіндік, ақ-әділ діннің жолына өзімізді арнап,

9.10-9.21: 奉旨宣示，此法微妙，難可受持。

Оның жолына құндылды болып, үгітшісі болуға ден қойдық. Бұл дін тым керемет, оған қол жету қиын.

9.22-9.33: 再三懇側：往者無識，謂鬼為佛；

Сөйтіп, үш қайтара шын жүректен жалбарынды: бұрын біз ештемені білмеппіз, жындарды Бұрхан тәңіріміз деп жүріппіз.

9.34-9.50: 今已悞真，不可複事，特望□□曰，既有志誠，

Бүгінде ақ пен қараның беті ашылды, өткенді қайталауға болмайды, ерекше тілейміз, тек ерік-жігер, адал ниет болған жерде

9.51-10.4: 任即持齋，應有刻畫魔形，悉令焚熟，祈神拜鬼，並擯斥而受明教。

шын құлшыныс болады, жын-шайтандардың бейнесін кескіндеп, жаратқанның әмірімен оларды ...өртегенде, киеге сеніп, аруаққа сиынудан бет бұрғанда ғана жарық дінге жетуге болады.

10.5-10.14: 熏血異俗，化為蔬飯之鄉；

Осылайша дағдылы ескі әдетке үйренген ел шөп тағам жейтін елге айналды.

10.15-10.44: 宰殺邦家，變為勸善之國，故聖人之在人，上行下效，法王聞受正教，深贊虔誠。

Қанды қасапқа түскен елдер өзара ізгіліктің ұрығын сепкен елдерге айналды. Адамдар арасына қасиет қонды. Жоғары мен төменнің үндесімі

пайда болып, фаван (Саки-Амонидің әспет есімі) (12) да ақ-әділ дін жайында естіп, оған терең тәнті болды.

10.45-10.54: □□領諸僧尼，入國闡揚。

(Қаған) монахтарды еліне апарып, тарихат жолын үгіттеді.

10.55-10.69: 自後□慕闍徒眾，東西迴圈，往來教化，

Кейін келе моцзылар ел ішін аралап, батыс пен күншығысты шарлап, келіп-кетіп, тарихат айтты.

10.70-11.13: 頓莫賀可汗襲位，雄才勇略，內外修明，

Тонбаға қаған орнына отырды. Ол батыр һәм талантты атойшыл, ішті-тысты керемет адам еді.

11.14-11.36: 子登裏羅沒蜜施俱錄毗伽可汗嗣位，治化國俗，頗有次序。

Оның ұлы Тәңірдеболмыш Қатлық Білге қаған орнына отырды. Мемлекеттің салт-дәстүрін өзі жөнге келтіріп, бір ізге салды.

11.37-11.49: 子合汨咄祿毗伽可汗(嗣位)天姓康樂，

Оның орнына ұлы Алып Құтлы Білге қаған отырды. Ол табиғатынан тыныш әрі көңілді жан еді.

11.50-11.71: 崩後，登裏羅羽錄沒蜜施合汨咄祿胡祿毗伽可汗繼承

Ол өлген соң Тәңірде Йорөлміш алып Құтлы Көл білге қаған оның ізін басты.

12.1-12.17: 前合毗伽可汗，當龍潛之時，于諸王中最長，

Сол кезде, Алып Білге қаған әлі таққа отырмай тұрған кезде бектердің ішіндегі ең сиысы болды.

12.18-12.31: 都督、刺史、內外宰相、親國官等奏曰：

Тұтықтар, дуанбасылары, ішкі-сыртқы уәзірлер, дегдар ұлықтар былай деді:

12.32-12.42: 天可汗垂拱寶位，輔弼須得 (13)。

Тәңір қаған ел аман, жұрт тынышта өзінің қасиетті тағына отырды, уәзірлер істі дұрыс атқаруы керек.

12.42-12.54: 今(合)可汗有佐治之才，海嶽之量。

Бүгінде Алып қаған бажақ елдерді басқаруда қолғабыс болар қуатқа ие, күш-қуаты мығым.

12.55-12.71: 國家體大，法令須明，特望天恩，允臣等所請。

Мемлекеті ұлғаусар, заң-жарлығы жүріп тұр, Тәңірдің рахметімен, біз зәлітті уәзір-ұлықтарыңыздың оны өз жағымызға тартуымызға рұқсат етуіңізді ерекше өтінеміз.

13.1-13.20: 可汗宰衡 (14) 之時，與諸相殊異，為絳誕之際，禎祥奇特。

Қаған чжайхэн (уәзір) лауазымында болған кезде басқа уәзір-қаралардан оқ бойы алда, туғаннан жаны айрықша ізгі еді.

13.21-13.40: 自幼及長，英雄神武，坐籌帷幄之下，決勝千里之外。

Бала кезінен тартып қару өнеріне шебер әрі ержүрек болып өсті, шатырында отырып ойлаған амал-айласымен мыңдаған ли жырақтағы жауды жеңді.

13.41-13.56: 溫柔惠化，(撫育百姓)，因世作則，為國經營，筭莫能紀。

Өз басы мейірім мен қайырымға толы еді, (қашанда бұқара-халыққа сүйеніш болып жүретін), елі үшін сауда жасап, есеп-қисапқа, хат-қаламға жүйрік болды.

13.57-13.68: 初北方堅昆之國，控弦卅余萬。

Бастабында солтүстікте қырғыз елінің садақ көтеретін 30 мың қолы бар еді.

13.69-14.14: 彼可汗自幼英雄智勇，神武威力，一發便中。

Қаған жастайынан ақыл-парасатқа бай, ержүрек, әрі қару өнеріне жетік болып өсті. Сондықтан атқан оғы мүлт кетпейтін.

14.15-14.22: 堅昆可汗，應弦殂落。

Қырғыз қағаны жебе тиіп мерт болды.

14.23-14.38: 牛馬穀量，仗械山積，國業蕩盡，地無居人。

Малы иесіз қалды, қару-жарағы тау мая болып үйілді, елі ойран болды, жерінде жан баласы қалмады.

14.39-14.47: 複葛祿與吐蕃(連入寇，跌跌)偏師，

Артынша, қарлұқтар түбіттермен бірігіп, бүлік шығарып, қол сайлады.

14.48-14.71: 於勻曷戶對敵，智謀弘遠。□□□□□□□□□□□□□□

□

Юньгэхуда (?) жауласып, амал-айласын алысқа сайлады.

15.1-15. 24: □北庭半收半圍之次，天可汗親統大軍，討滅元兇，卻複城邑。

Бесбалық жартылай алынып, жартылай қоршауда тұрған кезде, Тәңір қаған өзі қалың қолды бастап барып, бас әзәзілді жайратып, қорғанды қайтарып алды.

15. 25–15. 42: 食土黎庶，含氣之類，純善者撫育，悖戾beili者屏除。

Қара халық ашықты, бойларын ашу-ыза кернеді. Олардың ізгі ниеттілеріне жәрдемдесіп, қарсы шыққандарын аластады.

15.43-15.56: 遂□□□□媚磧，凡諸行人，及(於)蓄產，

Сөйтіп, кербез құм..., қатардағылардың бәрінің дерлік мал-мүлікке қолдары жетті.

15.57-15.70 崩後滕裏野合俱錄毗加可汗嗣位。

Қайтыс болған соң, орнына Тәңірде Алып Күлік Білге қаған отырды.

15-71-16. 5: □□□胄遺棄。

...дулығасы қалып қалды.

16.6-16. 21: 後吐蕃大軍，攻圍龜茲，天可汗領兵救援。

Кейін Тибеттің қалың қолы күсәнді қоршап алған кезде, Тәңір қаған әскер бастап көмекке барды.

16.22-16.29: 吐蕃落荒，奔入於術。

Тибеттер жеңіліп, Юйшуға қашып барды.

16.30-16.45: 四面合圍，一時撲滅，屍骸臭穢，非人所堪，

Төрт тараптан бірігіп қоршап, бір демде оларды жойып жіберді. Айнала сасыған өліктерге толып, адам төзгісіз жағдайға жетті.

16.46-16.53: 遂築京觀，敗沒餘盡。

Су, қала құрылыстары қирандыға айналды.

16. 54–16. 69: 崩後，登裏羅汨沒蜜施合毗伽可汗繼承。

.....қарлұқтарға, тибеттерге шабуылдап, олардың туын жығып, сардарын бас идірді, қалғанын солтүстікке қарай қуа соққылап, батыста Ферғанаға дейін жетіп, қалың бұқара мен мал-мүлік олжалады.

20.34-20.44: 葉護為不受教令離其土壤

Ябғұ бұйрық-жарғыдан бой тасалау үшін өз топырағынан безіп,

20.45-21.7:

.....
21.8-21.28: 九姓毗伽可汗復輿歸順葛祿冊眞珠智惠葉護為主,

Тоғыз (оғыз) Білге қаған бағынған Қарлұқ Инжі Білге ябғұны қайтадан басшы етіп тағайындап,

21.29-21.36: 又十箭三姓突騎施

он оқтар мен үш арыс түркештерді....

21.37-22.8:

.....
22.9-22.20: 寺宇令僧徒寬泰，聽士安樂。

... ..ғибадатханада мүриттер кеңдік пен тыныштық тілейді, тыныш қуанышка ұйиды.

22.23-22.32: 自開法來門，闍名未曾降伏

Тура дін есік аттағалы мозының аты әлі күнге айдағарды жуасытып, арыстанды ауыздықтау жағынан....

22.33-23.10:

.....
23.11-23.31: 中世中，外國，委付裏。

.....арасында.....дәуір.....де,шетел.....,та псырды.

23.32-23.71:

.....
24. 1-24.71: 武定禍

.....Удин...апат.....

..

Жазбада қамтылған нақтылы деректер

Ескерткішті орнатушы әрі бәдіздеуші туралы мәліметтер:

Ескерткіш жазбаның I жолында (1.57-1.65) ескерткішті Алып Инанчу Баға тархан жазды (合伊難主莫賀達幹撰) деп жазылған. “Баға” — байырғы

түркілердің лауазымы. “Тархан”—лауазым. Бұдан соң II жолда екі жерде “Баға тархан Жиєюу жялижяс” (莫賀達幹頡紆伽哩伽思), “ Жиєюу жялижяс” (頡紆伽哩伽思) деген адам аты жазылған тік жазу (5-14 және 24-29 иероглифтер) кездеседі. Ал Қытай ғалымдары Пекиндегі Орталық Ұлттар институтының кітапханасында сақтаулы тұр деген эстампаждың оң жағындағы сынық таста “Ішкі уәзір Ел-Үлгесі” (內宰相頡于伽思) деген сөз кездесетіндігін алға тартады. Сонымен ескерткіштің басында үш адамның аты кездеседі. Олар:

Бірінші: ...Алып Инанчу Баға тархан жазды合伊難主莫賀達幹撰Екінші: Баға тархан Жиєюу жялижяс (莫賀達幹頡紆伽哩伽思), Жиєюу жялижяс (頡紆伽哩伽思)

Үшінші: Ішкі уәзір Ел-Өгесі (內宰相頡于伽思)

Бұлардың ең біріншісі Алып Инанчу Баға тархан合伊難主莫賀達幹 осы ескерткішті өз қолымен жазған адам. Ол туралы ескерткіштің өзінде де «жазған деген сөз оның атынан кейін тіркесіп тұр. Бұған талас жүрмейді.

Ал екінші Баға тархан Жиєюу жялижяс (莫賀達幹頡紆伽哩伽思) немесе Жиєюу жялижяс (頡紆伽哩伽思) деген адамның кім екені белгісіз. Ол туралы ешқандай дерек жоқ. Оның атын қытай тілінің дыбыстық жүйесі бойынша алып отырмыз. Ол бойынша бұл есімді «Жиєюу галигас» деп те алуға болады. Бұл әрине көне түрікше кісі атының қытай тілінің ерекшелігі бойынша бұзып жазылуы. Көне қытайлар түрікше ел сөзін 頡(жие немесе сие) иероглифтерімен берген. Сол бойынша бірінші иероглиф «Ел» дегенді білдіреді. Ал қалған бөлігі 紆伽哩伽思 «юйжялижяс» (yujialijiasi) немесе «юйгалигас» (yugaligasi=yuhalihasi) деген сөздер нені білдіруі мүмкін? Ол қалайда «Елсі» формасында келетін тіркес.

Үшінші адам Ішкі уәзір Ел-Өгесі (內宰相頡於伽思) дегенге келсек, ол бұл мәтінде жоқ, тек Пекиндегі орталық ұлттар университетінің мұражайында тұрған ескерткіш тастың сынық паршасында сақталып қалған жазу. Бұл тас кезінде ескерусіз қалғандықтан, одан бұрынғы Г.Шлегель мен В.Васильев пайдаланған нұсқаларда және А.О. Гейкельдің атласында көрсетілмеген. Қытай зерттеушілерінің аталмыш ескерткішпен танысуы тек 1911 жылдан басталған және ескерткіш тастың бұл сынған бөлігі кейінірек Пекинге әкелінген. Қытай зерттеушісі Чэн Сулоның (程溯洛) пікірінше, “Жаңа Таң кітабы. Ұйғырлар баянында” аты аталатын 頡幹伽思 ескерткіш тастың осы бөлігіндегі ішкі зайсан 頡於伽思 – тың нақ өзі. Қытайша сие-юйгаясы (頡於伽思) деп аталатын бұл кісі аты оның пікірінше көне түркі тілінде “il-ügäsi” (國榮), яғни “ел үлгісі” деген сөз дейді [62, 711 б.]. Қытайша 頡иероглифінің түрікше “ел” ұғымын беретіні әрі оның дыбыстық аудармасы екені мәлім. Бұл тұрғыдан Чэн Сулоның пікірімен әбден келісуге болады. Сол бойынша мен осы кітаптың алғашқы басылымында оны «ел үгесі» деп алған едім. Ғалым Қ. Сартқожаұлы кітапты оқып шыққаннан кейін маған жазған хатында: «бұл сөзді Чэн Сулоның “il-ügäsi” деп жаңғыртқаны дұрыс. Дегенмен әлі кемшілік бар. “il-ügäsi” «ел үлгісі» дегенді меңземейді. Ол «абыз» (білгір, шешен) деген мағнаны берген. Көптеген түпнұсқада солай. Осы Орда-балық үш тілді ескерткішінің соңғы мәтінінде «δwk('wz) 'wγwz 'y1

'wk'sy»— «тоғыз оғыз ел өгесі» деп анық жазылған (соғды мәтіні 3-жол). Сондықтан бұл тіркеске күманданба. Соғды мәтінінде «тоғыз оғыздан шыққан Ел Өгесі (Ел абызы) Алып Инанчу Баға тархан жазды»-деп тұрып тасқа соғды тілінде жазып қалдырылған екен,- деген пікірін жолдапты. Ендеше, мәтінді түпнұсқадан оқыған ғалымның бұл пікірімен қалай келіспеске! Демек, «Ел-өгесі» адам атынан көрі оның атақ-айдары болғаны. Енді осы Ел-өгесі дегеннің кім болғаны және ол туралы қандай деректер барлығына жауап іздеп көрейік. Оның өмір сүрген уақыты шамамен яғлақар түріктерінің Қытайдың ішкі өлкелерінде туылған Анлу-шань-Сышиминь бүлігін жаныштағаннан кейін, Таң ордасы мен Біріккен Түркі қағанатының қарым-қатынасы ең бір тамаша жағдайда тұрған кезімен тұспа-тұс келеді. Тонбаға қағанның билігі кезінде (780-789) ол әскери істерді басқарумен бірге, уәзірлік қызметті де қоса атқарды. Қалың қолға бас болып, Тянь-шанның солтүстігінде ұзақ уақыт тұрды, сонымен бірге Таң патшалығының осындағы әскери қалашығы әрі тоғыз жолдың торабы Бесбалық қаласын қорғауды міндетіне алды. Көп өтпей Тұнбаға қаған қайтыс болып, оның ұлы Талас тағына мұрагерлік етті. Бірақ оның да дәм-тұзы ұзаққа бармай, бір жылдан соң өз інісі тарапынан өлтірілді. Соңынан, түркі жұрты ақылдаса келіп, тағы да Таластың ұлы Айшурды қаған көтерді. Ол қаған болған кезде 16-17 жаста ғана еді. Ел-өгесі Шығыс Түркістаннан қайта оралғанда оның алдынан қарсы ала шыққан Айшур өзін “әлі де болса піспеген бала” деп, Ел-Өгесін “Әкем қаған”, өзін “Тұтық Білге қаған” деп атайды. Бұдан Ел-өгесінің мемлекеттегі абырой-атағының жоғары екенін, әрі Біріккен Түркі қағанатының ішкі істер уәзірі деген атқа лайық екенін көруге болады. Айшур қағанның дәуірінде қағанаттың ішкі-сыртқы жағдайы қиындай түседі. Таң мемлекеті Аньлушань мен Сы Шиминь бүлігінен соң, барынша әлсірегендіктен, Күсан мен Бесбалықты басқару қуатынан айрылды. Осы орайда тибеттер күшейіп, шығыс Түркістанға иелік етуге таласты. Осындай жағдайда Біріккен Түркі қағанаты Ел-өгесінің басшылығында жіті қимылдап, Шығыс Түркістанды қорғауға әрекеттенді. Бірақ жергілікті халыққа қаратқан саятсаттағы қаталдық, әсіресе салықтың көбеюі өз кезегінде тұрғындар тарапынан қарсылық та тудырмай қойған жоқ. Сонымен сато, қарлұқ және ақ киімді түріктер тибеттермен бірлесіп Айшурдың билігіне қарсы шықты, әрі Бесбалықты басып алды. Ел-өгесі Бесбалықты сақтап қалу үшін 50 мың түркі қолына басшылық етіп, тибеттермен кескілескен шайқастар жүргізіп, жеңіледі. Екінші мәрте тағы да 50 мың қолмен Бесбалыққа келіп, тибеттермен соғысады, бірақ тағы да жеңіледі. Бесбалықты қорғау ісі 791 жылы ғана өз жемісін береді. Оған қатысты оқиғалар осы жылы Таң мемлекетіне тұтқын тарту етумен аяқталады. Бірақ жаңа, көне “Таң кітабының” қай-қайсысында да 791 жылдан кейінгі оның тағдыры туралы сөз болмайды.

Сондықтан ұзақ уақыттан бері тарихшылар Ел-өгесінің кейінгі дерегі туралы еш нәрсе білмей келген еді. Енді міне, оның атының Ордабалық ескерткішіндегі қытай жазбасынан кездесуі таң қаларлық жағдай. Бір ғана иероглифтің тек бір сызығының соңындағы кішкентай имектің (гоудің) түсіп

калуынан болған өзгешелікті ескермегенде (幹мен於 иероглифтері), бұл Чэн Суло атап көрсеткендей, “Жаңа Таң кітабы. Ұйғырлар баянында” аты аталатын 頡 幹 伽 思 -тің нақ өзі екеніне талас жүрмейді. Ескерткіште оның атының жазылып қалуы Ай Тәңірде Құтболмыш Алып Білге қаған кезінде оның әлі билік басында болғанын әрі қағанға арналған аталмыш ескерткішті орнатуға басшылық еткенін көрсетеді. Бұл 814 жыл. Сол бойынша есептегенде оның Біріккен Түркі қағанатында 30 жылдан астам уақыт маңызды қызметте болғанын топшылауға болады. Ескерткіште оның атының соңындағы өшіп қалған иероглифтер оның осы ескерткішті орнатуға қатысты істеген істерін айғақтайтын сөйлемдер екені айдан анық. Өкінішке орай, тек **Алып Инанчу Баға тарханның** мәтіндерді жазғаны туралы мәліметтер ғана қалып, Ел-өгесінің не істегендігін анықтайтын жолдар өшіп қалған. Бірақ бір нәрсенің басы ашық, яғни Біріккен түркі қағанатының лауазым жүйесінде Ішкі істер уәзіріне арналған 6, сыртқы істер уәзіріне арналған 3 орын болған. Оның атының алдындағы “нэйцзайсян” (內宰相) деген сөзге қарағанда, оның сол кезде ішкі істер уәзірлерінің бірі болғаны көрініп тұр.

Ел-өгесінің кім болғанын анықтағаннан кейін, ескерткіш тасты жазған Инанчу туралы ізденіп көрейік. Тас бетінде 合伊難主莫賀達幹撰, яғни, “Алып Инанчу Баға тархан жазды” деген сөз қашалған. Ғалымдардың пікірінше, “Инанчу” түркілерде көп кездесетін фамилия. Бұл фамилияны кейін XII ғасырға дейін Түркі қағанатының бұрынғы қонысында қалған наймандар қолданды. Олардың патшаларының аты Инанчу Білгі Бұқа (Баға?) хан болатын. Ескерткіште «Инанчу» деген атпен тарихта қалған бұл кісі Алып Білге қаған билікке келген соң көп өтпей, “жақындастырушы елші” деген атпен Таң ордасына сапар шеккені мәлім. Ол сол ретте Таң патшасы Сян Цзунның қызы Тайхэ ханшаны сұрап барады. Жоғарыда көрсетілгендей, патша ордасы қызды ұзатуға кететін қаражаттың көптігін көлденең тартып, бұл істі кейінге қалдырады. Сөйтіп, Инанчу 813 жылы Қарабалғұсынға оралады. Артынан 821 жылы Алып Білге қаған қайтыс болған соң, билікке келген Күн Тәңірде Ұлық болмыш Құш Күчлүк Білге қаған оны Чан-анға қайта жіберді. Сол жолы ол Тайхэ мәликені алып қайтады. “Жаңа Таң кітабы. Ұйғырлар баянында” оның атын “Инанчу Күчлүк тұтық ысқары” (伊難主句錄都督思結) деп атайды [253]. Бұған қарағанда ол ысқары (思結) тайпасын басқаратын тұтық болып шығады. Ысқары тайпасының сол кезде Алтайдың шығыс сілемін мекендеген тоғыз таңбалы телилердің бірі екенін ескерсек, олардың Енисей қырғыздарына жақын қоныстанғаны байқалады. Сондықтан 840 жылы Енисей қырғыздарымен ымыраласып, Біріккен Түркі (Ұйғыр) қағанатын құлатқан осы Инанчу болуы мүмкін. Өйкені тарихи кітаптар сол кезде оғыздардың өзге бір сардары Күчлүк Баға қырғыз Ар қағанмен бірлесіп, оғыздарды талқандады деп жазады. Қорыта айтқанда, ескерткіш тастағы **Алып Инанчу Баға тархан**, “Таң кітабындағы” **Инанчу Күчлүк тұтық ысқары** және Біріккен Түркі қағанатын құлатуға себепші болған **Күчлүк Баға** — бәрі бір адам. Осы үш атта олардың аты мен лауазымы, руы бір-біріне араласып жүр (Кесте 3-ке қараңыз):

балапан басқандай мәпеледі. Басмил қағаннан, Ашыналардың елді жаңғыртқан кезінен бастап арада талай жылдар өтті, осы кезде біздің де еліміз орнықты. Сол кезде тоғыз оғыз, отыз ата басмил, үш қарлұқ секілді барлық бөгде рулардың бәрі айтты: Ілгеріректе, еліміз көркейіп, қаған бірлікте.....Гаоцзуға ұсынды. ...Көл Білге қағанОпат болғаннан кейін, ұлы Тәңірде болмыш Ел-етмыш Білге қаған қарымына білігі сай қас батыр болғандықтан, төрт төңірекпен одақтаса білді (аударманың соңы).

Осындағы Көл қаған дегені Құлбойла. Оның толық аты Құтлық Білгі Көл қаған (骨咄祿毗加闕可汗745-747). Ол 745 жылы тоғыз оғыздарға бас болып, Таң әулетінің қолдауымен Ашына әулетін тақтан тайдырып, Біріккен түркі қағанатын құрды және оған Ұйғыр (ұйығыш, берекелі деген мағынада—К.Т.) қағанаты деп ат берді. Таң әулетінің оны қолдайтын себебі ол арқылы Ашына әулетінің билігіне тежеу салу, олар тарапынан төнген қауіптен арылу еді. Құтлық Білгі Көл қаған заманында Біріккен Түркі қағанаты көркейіп, қабырғасы қатайды. Ол қайтыс болғаннан кейін, орнына ұлы — осы ескерткіште Тәңірде болмыш Ел-етміш Білге қаған (登裏羅沒蜜施頡鬨德蜜施毗伽可汗) деп аталған Баянчур қаған (磨延啜747-759) отырды. Оны тарихи деректерде Гөр хан (葛勒可汗) деп те атайды. Біріккен түркі қағанаты оның кезінде жалғасты түрде күшейді. Керісінше, Таң әулеті ішкі-сыртқы күштердің қыспағымен одан сайын мүшкіл жағдайға тап болды. Сондықтан Біріккен түркі қағанаты Баянчур қаған кезінде Шығыстағы бірден бір құдіретті мемлекетке айналды.

Бұл кезде Таң империясы Талас өзені бойындағы Атлақта араб қосындарымен болған соғыста ойсырай жеңілген соң Орта Азиядағы отарларынан түбегейлі айрылды. Оның үстіне император Тан Суанцзун билігінің соңғы кезінде сән-салтанат пен арзан рахатқа бөленіп, мемлекет ісімен жұмысы болмағандықтан, билік аппараты жансызданып іріп-шіруге бет алды. Ол мемлекеттің барлық билігін қайын ағасы Ян Гочжэнге беріп қойғандықтан, сарайда Ян фамилиялы қайынжұрттың ықпалы арта түсті. Міне осындай дәрменсіз жағдайда бұрыннан патша болуды армандап келген Таңның әскери сардары, ата-тегі түрік Ань Лу-шань (Оңлық тегін) 755 жылы Ян Гочжэннің көзін жоюды сылтау етіп, Хэбэй мен Шанси өлкелерінің солтүстігінде дайындықта тұрған қалың қолға бас болып, Таңға қарсы әскери төңкеріс қозғады. Оның осыншама мол қарулы қосыны негізінен түрік, құмық, қытан, шерік қатарлы хандық емес халықтардан құрам тапқан болатын. Әскери төңкеріс басталысымен, Ан Лушанға Хэбэйдағы Таң сардары Сы Шиминь (Сүйгін) де күш біріктірді. Сөйтіп олардың қолы 150 мың адамға жетті. Ан Лушаь мен Сы Шиминь осынша ауқымды қолмен Хэбэйдан Шансидің Тунгуань деген жеріне дейінгі Таң қосындарына шабуылдап, оларды күйрете жеңіп, Таң империясының шығыс астанасы Лоянды басып алды.

Төңкерісші армия одан ары ілгерілеп, Тунгуан қамалында Таң армиясын тағы да ойсырата жеңіп, империяның астана байтағы Чан-ань қаласына басып кірді. Олар келе жатқанда император Тан Суанцзун жақын серіктері мен және жақсы көретін әйелі Ян Гуэйфэймен бірге Сычуанға

кашып кетті. Екі астана мен Хэбэйдағы 13 аймақ төңкерісші армияның қолына өтті. Осындай күрделі жағдайда тақ мұрагері Ли Хэн Нинсяның Лин-у деген жерінде таққа отырып, өзін Таң Суцзун деп жариялады, әрі мемлекет істерін басқаруды өз қолына алды. Осыдан бастап Таң мемлекеті империялық салауатынан айырылды.

Таң Суцзун бүлікші армияны жаныштап, қолдан кеткен жерлерді тез арада қайтарып алу үшін, 757 жылы Таң сардары Го Цзыиді Біріккен түркі қағанатына жәрдем сұрай жіберді. Таң елшілері Баянчурмен жүргізген келіссөздерінде Таң мемлекетінің атақ-абыройына нұқсан келтіретін шарттарға дейін мойынсал бола отырып, олардың әскери жәрдеміне қол жеткізді. Келісілген шарт бойынша түріктер Чан-ант мен Лоянды бүлікшілерден тазартқан соң, ондағы тұрақты мүліктер Таңға, ал алтын, күміс, торғын-торқа, қыз-келіншектер түріктерге тән болатын болды. Одан сырт, Таң патшасы өз қыздарының бірін түрік қағанына ұзататын болып келісілді. Сол жылы Баянчур қаған өз ұлы Ябғұ Тегінді сығайланған 4 мың қолмен көмекке жіберді. Ябғұ Тегін Таң қосындарымен бірге соғысып, күз айларында Чан-ань қаласын қайтарып алды. Ябғұ Тегін қала алынғаннан кейін бұдан бұрын келісілген шарттардың табанда орындалуын талап етті. Таң қосындарының қолбасшысы бұл талаптан бас тартып, берген уәдемізді шығыс астана Лоян алынғаннан кейін орындасақ деп, Чан-анды бұлап-талаудан сақтап қалды. Артынша Ябғұ Тегін Лоянды да көтерілісші армиядан тазартты. Бұл жолы ол Таң ордасының рұхсатын күтіп тұрмастан қаланы өз еркінше бұлап-талады. Қала тұрғындары түріктерге бір түмен топ торғын-торқа жиып беріп, бұлаңшылықтың тоқтатылуын өтінді. Келісім бойынша Лоян қаласы түріктерге әр жылы 20 мың топ торғын беріп, есесіне түрік аттарын сатып алатын болды. Екі астана алынғаннан кейін Тан Суцзун келісім бойынша өз қызы Ниньго (甯國 —елді тыныштандырушы) мәликені түрік қағаны Баянчурға ұзатты. Мәлике Ниньго Орхон бойындағы Қарабаласағұнға жүрер алдында ел-жұртымен қоштасып, дауыс қып тұрып: “Мемлекет ісі маңызды, өлсем де оған өкінбеймін!”- деді. Бірақ Баянчур қаған ұзақ өтпей 759 жылы қайтыс болды. Сол жылы оның атына қазіргі Монғолияның Могойн Шине-ус деген жерінде көне түркі графикасымен қашалған ескерткіш қойылды (15).

Ол қайтыс болған соң орнына екінші ұлы Идікен таққа шығып, өзін Бөгу (牟羽) қаған деп атады. Кей әдебиеттерде Тәңір қаған деп те аталады. Жоғарғы жазбадағы 6.23-6.44 жолдағы: Ұлы Айтәңірде Құт болмыш Елтұтмыш Алып Қатлық Білге қаған мұрагерлік етті (子愛登裏羅汨沒蜜施頡咄登蜜施合俱錄苾伽可汗繼承) деген жазбалар соған арналған. Оның кезінде Біріккен түркі қағанаты үздіксіз дамыды. Бірақ, Таң әулетінің жағдайы әлі де жақсы емес еді. Көтерілісші армия Чан-ань мен Лояннан қуалап шығарылғанымен, Сы Шиминнің асыранды ұлы Сы Чаои әкесін өлтіріп, өзін сары патша деп атап, Лоянға қайта шабуылдап, қаланы басып алады. Осы кезде Бөгу қаған жаңадан таққа отырған Таң Дайцзунның өтініші бойынша әскер бастап барып Сы Шаоидің бүлігін жаныштап, Лоянды қайтарып алады. Ескерткіште ол туралы:

英偉傑特異常，宇內□□，諸邦欽伏(服)。自大唐玄宗帝蒙塵，史思明之子朝義使，幣重言甘，乞師併力，欲滅唐社。可汗忿彼孤恩，竊弄神器，親逞驍雄，與王師犄角，合勢齊驅，克復京洛，皇帝與回鶻長為兄弟之邦，永為舅甥之國(6.45-7.57)。

Аудармасы: “Батырлығы жұрттан асып, ұшпақта..., барлық одақтастарды әміріне жүгіндірді. Таң патшасы Суанцзунның кезінде ұйқытұйқы бір заманды бастаған Ши Сыминнің ұлы Чао-и тежеуіл дүниемүлікпен, тәтті сөздерімен алдап-арбап, әскер күшін толықтап, Таң мемлекетімізді жоғалтпақ болды. Қаған олардың арам ниетіне ашуланып, киелі қаруын ойнатып, жауынгер жанашырлығымен Көктің ұлының қосындарымен селбесіп, күш біріктіріп, Лоянды алды. Патша ағзам ұйғырмен бауырластық одақ орнатып, мәңгі-бақи нағашы-жиен болып қалуға келісті (аударманың соңы)”- деген жолдар осы жайлардан хабар береді.

Бұл жолы Бөгу (Тәңір) қаған түркі жасағына бас болып, Лоянға өзі кіреді. Таң дайцзун өзінің тұңғыш ұлы, шаһзада Вэй шэнді бүкіл Таң қосындарының қолбасшысы етіп, Бөгу қағанмен бірлесіп соғысуға жіберді. Бөгу қаған таң сардарларын түрікше би билеуге мәжбүрлеп, ұнамағандарын ұрып өлтіреді. Таң қолбасшылары жеңіске жетіп алғанша олардың бұл қорлығына да амалсыз төзеді. Лоян қаласы қайтарылып алынғаннан кейін, Тәңір қаған Бөгу онда бұлап-талау жүргізіп, он мыңнан астам адамды өлтіріп, биік ғимараттарды өртетіп жібереді. Кей деректерде қаланың 20 күн бойы жанып жатқаны айтылады. Қаланың бар құтын өртеп те, талап та құртқан Бөгу ол маңнан жайлы жер тауып сонда келесі 763 жылдың көктеміне дейін тұрады.

Бөгу қаған алғашында 762 жылы қараша айында Таң патшасы Таң Суцзун қайтыс болған кезде төңкерісші армия сардары, Ши Сыминнің ұлы Ши Чаоидің әрбилеуімен Орта жазыққа кірген еді. Ол жолы Ши Чаоиді Таң әулеті қаралы болып, елі иесіз қалып, үлкен аласапыран туғалы тұр. Түріктер Таң еліне басып кіріп, басқақтықтың қамбасын басып алса, ең байлыққа белшесінен батар еді деген өсегіне түріктер әбден иланып, қаған түстікке жорықшылар аттандырып болып еді. Бірақ, орта жолда Таң елшісі Лю Цинтанның насихатына жібіп, бүлікші армиямен бірге Чан-анға атойлаудың орнына найза ұшын өзінің одақтасы Ши Чаоиге қайта кезеп, Таң қолымен бірге Лоянға қарсы жорық жасайды. Бұл кезде Лоян қаласы Ши Чаоидің қол астында болатын. Бөгу Лоянды Таң қосындарымен бірге келіп, қос бүйірден қыса бастағанда, оған сеніп алданғанын білген Ши Чаоиді әрең дегенде қоршауды бұзып қашып құтылады. Таңға қарасты түрік сардары Бүркіт Чан оның артынан қуа соққылап, мың шақырым жерге жеткенде басын кесіп, қайтып оралады.

Осылайша, Ай тәңірде Құт болмыш Көл Білге қаған (Тәңір қаған) Таң ордасының Ши Чаоидің қолынан Лоян қаласын тартып алады да, осында біраз уақыт тұрып, келесі жылы наурыз айында еліне қайтады.

764 жылы Таң сардары түрік Бүркіт Ғайын Таңға қарсы көтерілді. Бұл жолда ол Біріккен Түркі қағанатымен және тибеттермен тіл біріктіріп, бірнеше жүз мың қолды бастап, Чан-анға тіке төнді. Чан-ань қауіп астында

қалған сәтте Таң сардары Го Цзы-и Түрік қосынының бас штабына келіп, бас қолбасшы, уәзірлер Батұр Баға тархан, Тонбаға тархандармен сөйлесіп, оларды өз тарапына тарта білді. Сөйтіп, екі жақ бірігіп тибет қосындарына соғыс жариялады. Тибеттер Нинсяның Нинлу деген жеріне жеткенде түрік қолы артынан қуалап жетіп, бір түннің өзінде олардан 50 мың адамын өлтіріп, қалған 50 мың адамын қолға түсірді. Миллионнан астам ат-көлік, түйе, қой-ешкіге ие болды. Біріккен түркі қағанатының ең қысылтаяң шақтағы бұл жәрдемі үшін Таң патшасы оларға 100 мың топ торғын тарту етті.

Ескерткіш таста осы жайлар еске алынып, Біріккен түркі қағанаты мен Таң мемлекеті арасында бауырластық одақ құрылып, мәңгі-бақи нағашы-жиен болып қалу туралы қол жеткен уәделер жазылған. Бірақ онда бұдан кейін туындаған көңілсіз жайлар туралы баяндалмайды. Жалпы осы аталған Бөгу (Тәңір) қаған табиғатынан қатал, жауын аямайтын, аса әккі қаған еді. Ол Таң патшалығымен болған қарым-қатынасқа көбінде жеңіл-желпі қарайтын. Қашанда өз мемлекетінің ырықтылығынан пайдаланып, табғаштарға тырнағын батырып қалуды ойлайтын. Сөйтіп, ол бейбітшілік туралы уәделестікке келе отырып, артынша 778 жылы Шансидің Санюань қаласына шабуылдап, он мыңнан астам жасауыл мен жәй бұқараны өлтіріп, көптеген елдімекендерді ойрандайды. Осы кезде Таң мемлекетінің Дай облысының тұтығы Чжан Гуаншэн қосын бастап келіп оны жеңеді. Бөгу хан өз қосындарын алып Орхон бойына шегініп кетеді. Солай бола тұрса да, ол жеңілісіне мойынсал болмай, 779 жылы Таңға қарсы тағы да соғыс ашпақ болады.

Бас уәзір Тонбаға тархан (қағанның өз інісі) оған насихат айтып, өткен жолғы жеңілісін есіне салады. Бөгу хан сонда да алған бетінен қайтпай, соғысқа дайындығын жалғастыра береді. Шарасыз қалған Тонбаға тархан өзіне адал қосындарға бас болып, саяси өзгеріс жасап, Бөгу қағанды және оны қолдайтын соғды саудагерлерінен 2 мың адамды өлтіреді. Бұдан соң Біріккен түркі қағанатының ішкі бөлігіндегі қайшылық тіптен асқына түседі.

Манихэй дінінің түріктер арасына таралуы:

Біріккен Түркі қағанаты кезі Шығыс пен Батыс арасындағы саяси, мәдени, рухани қарым-қатынастың ең бір жанданған кезеңі ретінде тарихта қалды. Орда-балық ескерткішінің үш тілде жазылуы манихэй дінінің Қытай арқылы Біріккен Түркі қағанатына таралуымен тікелей байланысты. Тонбаға тарханның Бөгу қағанға қосып 2 мың соғды саудагерін өлтіруі — бұл кезде манихэй дінінің түріктердің рухани өміріне дендеп кіріп, оларды дәстүрлі көзқарастар мен ұстанымдарынан айныта бастағанынан дерек беретін.

Манихэй діні б.з. III ғасырында парсылық Мани (216~277) тарапынан жаратылған дін. Ол әуелде Орта Азияда кең тараған зорастрим (отқа табынушылық), гности (gnosti), несториан діндерінің әр түрлі ықпалына ұшыраған. Оның негізгі тарихаты — бұл дүниедегі жарық пен қараңғылықтың күресі. Сол себепті ол Персия елінде бір мезгіл терең тамыр тартып, кең қанат жая бастады. Кейін бұл дін Пресия патшасы Уахрам II-нің катаң шектеуі мен жаныштауына ұшырап, мүриттері жан-жаққа тентіреп кетті

[13,104-105 бб.]. «Ал-Надимнің ғылыми естеліктерінде»: Мани өлімге үкім етілген соң оның шәкірттері қиындыққа тап болды. «Олар амалсыз шығысқа қоныс аударып, Балх өзенінен өтіп, қағанның иелігіндегі жерге жетті» [14, 802 б.] делінеді.

Манихэй дінінің Қытайға таралуы VII ғасырдың соңғы кезіне тура келеді. Таң әулеті Яньцзай жылнамасының алғашқы жылы (延載元年) (694) персиялық Фурстадан қолына «Шабураганды» алып, сарайға келді (佛祖統紀, 卷 309), -делінеді. «Шабураган» — манихэй дінінің басты кітаптарының бірі. Қытайша оны «Эрцзунцзин» (二宗經) деп атайды. Ол осы тектес өзге де бір-екі діни кітаптармен қоса манихэй дінінің қасиетті уағызын құрайды. Манихэй діні Парсы жерінде алғашында қатаң шектеуге ұшырағанымен, кейін келе, сасанидтік Иранда VII ғасырдың соңында емін-еркін таралуына жағдай жасалды [15, 157 б.]. Сондықтан да дін таратушы Фурстадан Персия елінің атынан келген. Бүгінде Пекин кітапханасында «Шабураганның» Дунхуаннан табылған тозған нұсқасы «Парсылардың қасиетті кітабының қалдық нұсқасы» (波斯教殘經) деген атпен сақтаулы тұр. 719 жылы маусым айында Тохар мемлекетінің патшасы Жаханиян шығыстағы елдерге дін тарату ісін тағы да манихэй дінінің мозысы (пірәдері) Фурстаданға жүктейді. Олар манихэй дінінің шығыстағы ірі ел Таң империясында кең қанат жаюын армандады. Бірақ бұл діннің таралуы Таңның астана байтағы Чананда қарсылыққа ұшырады. Аталмыш діннің қытай топырағындағы ғұмыры 40 жылға жетер-жетпей, оған шетелдіктерден басқалардың, яғни жергілікті хансулардың сенуіне қатаң тиым салынды. Сол себепті, Парсы мен Тохар елдерінен келген бұл дін хансулар арасынан өз мүриттерін таба алмады [16, 80 б.].

Ай тәңірде Кұт болмыш Көл Білге қаған (Бөгү қаған немесе Тәңір қаған) Лояндағы кезінде сонда дін таратып жүрген шетелдік мозымен (дін таратушы пірәдер) кездесіп, бұл діннің уағыздары жөнінде ұзақ әңгімелескеннен кейін, бұдда дініне деген сенімнен бет бұрып, манихэй дінін қабылдайды [17, 389]. Сонымен бірге, төрт бірдей дін таратушыны өзімен бірге Орда-балыққа алып қайтады. Сыртқы саясаттағы мұндай ашықтық пен өзге мәдениетке деген жатырқаусыз көзқарас кейін келе елдің саяси өмірінде сенім мен пікір алауыздығын келтіріп шығарды.

Манихэй дінінің түріктер арасына таралуы туралы екі үлкен айғақ ретінде «Тоғыз оғыз қағаны ескерткіші»(Орда-балық ескерткіші) мен «Бөгү (牟羽) қағанның дінге кіру естелігін» атауға болады. «Тоғыз оғыз қағаны ескерткішіндегі» қытайша жазба ондағы соғды, түрік тілдерінде жазылған жазбамен салыстырғанда толығырақ сақталғандықтан, Луо Чжэньюй (羅振玉) секілді оқымыстылар тарапынан реттеліп әрі бүтінделіп, «Қарақорымдағы асыл тас естелігіне» (和林金石錄) енді. Содан бастап ол зерттеушілер тарапынан кеңінен пайдаланылды. Бұл жазбада Тәңірде болмыш Елтұтмыш (Көл қаған 747-759) және оның ұлы Идікен (Бөгү немесе Тәңір қаған 759-780) қағанның өмірі мен атқарған қызметі, манихэй дінінің түріктер арасына қалай таралғаны баяндалады. Ал «Бөгү (牟羽)немесе Тәңір қаған) қағанның дінге кіру естелігіне» келсек, ол тек көне түркі тілінде жазылғандықтан, У. Бан (W.Bang) мен А.Ф. Габайн (A.v.Gabain) тарапынан зерттеліп кітап болып шықты [18, 3-

14 бб.]. Бұл түрікше жазбаның транскрипциясы мен түсініктемелері жазылмаған қытайша аудармасы кейін ғана жарыққа шықты [19; 392]. Бірақ бұл екі ескерткіште баяндалған уақыттың бір-бірінен айырмашылығы бірден байқалады.

Алып билге қаған ескерткішінде біріккен түрік қағанатындағы халықтың манихэй дініне кіру барысы былайша баяндалады (7.58-10.69):

可汗乃頓軍東都，因觀風俗敗民弗(國)師將睿息等四僧入國，闡揚二祀(宗)，洞徹三際。況法師妙達明門，精通七部，才高海嶽，辯若懸河，故能開正教於回鶻，(茹葷)漣(乳)酪為法，立大功績，乃曰汝僉悉德。于時都督、刺史，內外宰相，司馬僉曰，今悔前非，崇(願)事正教。奉旨宣示，此法微妙，難可受持。再三懇惻：往者無識，謂鬼為佛；今已悞真，不可複事，特望□□曰，既有志誠，任即持齋，應有刻畫魔形，悉令焚熟，祈神拜鬼，並擯斥而受明教。熏血異俗，化為蔬(茹)飯之鄉；宰殺邦家，變為勸善之國，故聖人之在人，上行下效，法王聞受正教，深贊虔誠。□□□□德(願)，領諸僧尼，入國闡揚。自後□慕闡徒眾，東西迴圈，往來教化 [162, 104 б.].

«Қаған шығыс астанада қосындарын ретке келтіріп, жер-судың жағдайымен, дәстүр-салтымен танысып, тілеу тілесіп, Руйци сынды төрт монахты еліне алып қайтты, «екі кие», «үш өтміш» жолын үгіттеді. Жарыққа жетудің жолын нұсқады, жеті тәпсірді жатқа біліп, ақылы жұрттан асты, білігі биікке тартты. Ақ-әділ дінінің тоғыз оғыздарға таралуы арқылы, қаз-үйрек, балық еті мен құрт-ірімшік жеуді салтқа айналдырды, ерен еңбек көрсетіп, сен ақлаққа қалай жетесің деп сұрап отырды. Бір кездері тұтықтар мен дуанбасылар, ішкі-сыртқы уәзірлер, сыпалар тегіс былай деді: бүгін біз кешегі кіналарымыз үшін өкіндік, ақ-әділ діннің жолына өзімізді арнап, Оның жолына құндылды болып, үгітшісі болуға ден қойдық. Бұл дін тым керемет, оған қол жету қиын. Сөйтіп, үш қайтара шын жүректен жалбарынды: бұрын біз ештемені білмеппіз, жындарды Бұрхан тәңіріміз деп жүріппіз. Бүгінде ақ пен қараның беті ашылды, өткенді қайталауға болмайды, ерекше тілейміз, тек ерік-жігер, адал ниет болған жерде шын құлшыныс болады, жын-шайтандардың бейнесін кескіндеп, жаратқанның әмірімен оларды ...өртегенде, киеге сеніп, аруаққа сиынудан бет бұрғанда ғана жарық дінге жетуге болады. Осылайша дағдылы ескі әдетке үйренген ел шөп тағам жейтін елге айналды. Қанды қасапқа түскен елдер өзара ізгіліктің ұрығын сепкен елдерге айналды. Адамдар арасына қасиет қонды. Жоғары мен төменнің үндесімі пайда болып, фаван (Саки-Амонидің әспет есімі) да ақ-әділ дін жайында естіп, оған терең тәнті болды. (Қаған) монахтарды еліне апарып, тарихат жолын үгіттеді».

Ескерткіште тілге тиек етіліп отырған «қаған» — Біріккен Түрік қағанатының үшінші ұрпақ қағаны Бөгудің (Тәңір қаған) өзі. Ескерткіш мазмұнынан Бөгудің Ань Лу-шань-Сы Шимин бүлігі кезінде Таң ордасына көмектесіп, әскер шығарып, бүлікті басуға көмектескені, сол байланыспен, Таңның шығыс астанасы Лоян қаласын жаудан тазартқаннан кейін де онда біраз уақытқа тұрып, жергілікті халықтың тұрмыс-салтымен, жер-судың жағдайымен танысып, сол аралықта Лоянда дін таратумен айналысып жүрген манихэй дінінің мозыларымен кездесіп, сөйлескені, ақыр соңында қағанның

өзі де бұл діннің ықпалына терең ұшырап, манихэй дінінің дін таратушы мүриттерінен Руци секілді төрт адамды еліне алып келгені т.б. тарихи оқиғалардың сұлбасы байқалады.

Демек, манихэй дінінің түріктер арасына кең таралуында біріккен түркі қағанатының үшінші ұрпақ қағаны Тәңір қағанның (Бөгудің) рөлі айрықша болған деуге толық негіз бар. Ол еліне келгеннен кейін қолындағы биліктен пайдаланып, түрік халқын өздерінің дәстүрлі шаман дінінен бет бұрып, манихэй дініне сенуге бұйырады. Сөйтіп, манихэй діні тез арада Біріккен түрік қағанатының мемлекет дініне айналған. Алып Білге қағанның атына орнатылған тас ескерткіш бетіндегі бұл деректер Таң дәуірінде қағаз бетіне түскен өзге де тарихи деректермен негізінен сәйкес келеді. Бөгу 762 жылы 20 қарашада Лоянды толықтай өз бақылауына алып, онда келесі 763 жылдың наурыз айына дейін тұрады. Сондықтан манихэй дінінің Орхон бойындағы түріктер арасына таралуы 763 жылдың сәуір, мамыр айларына тура келеді.

Әлбетте манихэй діні бір күннің ішінде Орхон түріктерінің мемлекет діні бола қалған жоқ. Ол түріктер арасында ең алғаш тарала бастаған кезден-ақ бірсыпыра қарсылықтарға тап болды. Бұл қарсылықтар көбінесе ірілі-ұсақты шамандар мен орда маңындағы тархандар тарапынан болды. Олар дін таратушы монахтарды «шектеуді, тіпті, өлтіріп тастауды» дәріптеді. Сондықтан бұл монахтар кез-келген уақытта өлім қаупіне душар болып отырды [20, 17 б.]. Монахтар қағаннан мұндай адамдарды маңызды қызметке қоймауды, олардан іргесін аулақ салуды талап етті [21, 180 б.]. Нәтижесінде тархандар мен монахтардың арасындағы қарама-қайшылық күн сайын асқына түседі. Мұның соңы 780 жылғы ордадағы саяси өзгеріске барып саяды. Осы оқиғадан екі жыл бұрын Тәңір қаған қазіргі Шанси өлкесіне қарасты өңірдегі Санюань қаласына шабуылдап, он мыңнан астам әскер мен жай бұқараны өлтіріп, қатарынан бірнеше қаланы ауыр дәрежеде ойрандайды. Сол кезде Таң патшалығының Дай аймағының дуанбасы Чжан Гуаншэн қосын бастап келіп, Тәңір қағанды жеңеді. Бөгу Тәңір қаған амалсыздан Орхонға шегінеді. Бірақ жеңіліске мойынсал болмай, 779 жылы Таңға қарсы тағы да қол сайлайды. Сол кезде бас уәзірі Тонбаға тархан (өз інісі) оған Таюандағы жеңілісін есіне салып, Таңмен қайта-қайта соғыспауды өтінеді. Тәңір қаған оның ақыл-кеңесін бәрібір құп көрмегендіктен, Тонбаға тархан басқаша шешімге келіп, өзіне адал қосындарға сүйеніп, Тәңір қағанды және оны қолдайтын соғды саудагерлерінен 2 мың адамды өлтіріп, өзі Біріккен түрік қағанатының қағаны болады. Бұдан қағанның қасындағы уәзір-тархандардың манихэй дінінің дамуына көп кедергі болғанын байқауға болады. Ал, қара халыққа келсек, олар да бұл дінді бірден қабылдай салмаған.

Мұның бәрі аталмыш діннің қағанат шегінде таралуына бірден бір мүдделі тұлға Тәңір қаған екенін көрсетеді. Бірақ манихей дінін қабылдаудың алдында оның өзі де әрі-сәрі болып көп толғанған деседі. Ол Лоянда манихэй дінінің мүриттерімен ұдайы екі күн, екі түн айтысып-тартысып, үшінші күні тағы да қара кешке дейін сөйлесіп, ақыры өз сенімінен бет бұрады. Манихэй дінінің тарихаттары оны ерекше

әсерлендіреді. Сөйтіп ол халық көп жиналған алқада монахтың алдына иіліп, тағзым етіп, күнәсін кешуді өтінеді [21, 17 б.].

У. Ван мен А. Габайн жинақтаған «Түрікше Тұрфан текстерінің» «Бөгу қағанның дінге кіру естеліктерінде» мынадай жолдар кездеседі:

“Бұл діннің төрт монағы Табғаш елінен келген кезде олар төрт түрлі арманмен келді.....(өшіп қалған).....Бірақ ел үшін, ілім үшін бастарын үлкен қатерге тікті, қысым көрді.Тәңір қаған (Бөгу қағанда айтады) мүриттермен екі күн, екі түн кеңесті. Үшінші күні, қаған тәбетін тиып, мінәжатқа отырды. Ауыр азап шекті. Содан барып оның жан-дүниесі әсерге бөленді. Осылай үздіксіз жалғаса бергендіктен, оның рухи дүниесі әлде нені жоғалтқандай арпалысқа түсті. Кейін Бөгу қаған бір үлкен жиналыс ашып, өзі мүриттердің алдына тізерлеп өз қылмыстарын кешуді өтінді” [18, 7-9 б.].

Бұл жайлар Алып Білге қаған ескерткішінде жазылмаған. Дегенмен, ескерткіштегі деректер манихэй діні Орхон бойына таралғаннан кейінгі ақуалдан дерек береді. Онда Біріккен Түрік (ұйғыр) қағанаты құрылғаннан бастап Алып Білге қаған дәуіріне дейінгі қағандардың атқарған істеріне, әсіресе, Тәңір қағанның манихэй дінін осы елде тарату жолында жасаған еңбегіне жоғары баға береді. Тәңір қағанның манихэй дінін қабылдау жолындағы идеялық толқуын, соңғы бекімі мен қол астындағы тұтықтар мен дуанбасыларының, уәзірлер мен сыпалардың дінге кіргенін, сондай-ақ, шамандар мен жындардың суретін отқа жаққанын баяндайды. Мұндай іс-шаралар шаман дінінің аяғына тұсау салып, оның ендігәрі өмір сүріп тұруына қатер төндірді. Манихэй діні қағанның қолдауымен ғана тарала бастағандықтан, оның қоғамдық негізі әлсіз болды. Сол себепті, аталмыш дін өзінің бүкіл даму тарихында жергілікті шаман дінімен тайталасып отырды. Сондықтан кей зерттеушілердің манихэй діні мемлекет дініне айналғаннан кейінгі үшінші жылы шаман діні өмір сүруін тоқтатты [22, 36 б.] деуі сәл ағат айтылған пікір деп есептейміз.

Бірақ, қағанның өз басы манихэй дінінің адал мүриті ретінде, бұл діннің елдің саяси, экономикалық және рухани өміріне терең араласуына жағдай жасады. Сол себепті ол тіпті елдің сыртқы қарым-қатынасында да ерекше рөл ойнай бастады. Соғды елінен келген манихэй дінінің мүриттері қағанның ең сенімді адамдарына айналып, оның төңірегінде болып, мемлекет істеріне араласып отырды [394, 7638 б.]. Кей деректе, қағанның үнемі мани дінінің мүритімен саяси істерді ақылдасатыны, оған арнап ғибадатхана салдырғаны баяндалады [395, 66 б.]. 840 жылы Біріккен түрік қағанаты күйреп, тұтас ел Шығыс Түркістан мен Орта Азияға, Хәси дәлізіне көшкеннен кейін, халқының басым бөлігі бұдда дініне сенсе де, қаған әулеті бәз баяғыдай манихэй дініне сеніп қала берді.

Тонбагадан бастап Алып Білге қағанға дейінгі қағандардың істеген істері:

Тонбаға тархан таққа отырысымен өзін Құш Құтлық білге қаған деп атады. Ол ескерткіште: “Ол батыр һәм талантты атойшыл, ішті-тысты керемет адам еді”- делінеді. Таң патшалығының оған бұлайша баға беруінің де өзіндік сыры бар еді: 782 жылы Чан-анда тұратын түркі бегі Тұдын осында саудамен

шұғылданып жатқан мыңнан астам соғдыларды бастап, Қарабаласағұнға қайтады. Олар қайтарда өз мал-мүліктерін неше жүздеген ат-түйеге артып, Таң шекарасынан өткен кезде Таңның шекара қосындарының бастығы Чжан Гуаншэн түйеге артылған сандықтар ішінде табғаш қыздарының барлығын сезіп қалып, Тұдын бастаған мыңнан астам түркі саудагерлерін қырып тастайды. Мал-мүліктерін тәркілеп, қыздарды кері қайтарады. Бұл жағдай Біріккен түркі қағанаты мен Таң патшалығының қарым-қатынасын нашарлатып жіберді. Таң патшалығы олармен қатынасты қайта жөнге салу үшін, 787 жылы Қарабаласағұнға елші жіберді. Таң елшілері қарлы боранды күнде Тонбаға қағанмен көріспек болып, сыртта біраз күтіп қалады. Артынан тонбаға уәзірлеріне елшілер кірсін деп бұйырады. Ол елшілерге: Сіздер Тұдын бастаған мыңнан астам адамды өлтірдіңіздер. Біздің ата салтымыз бойынша қанды қанмен жуу керек еді. Өйтсем, іс одан ары насырға шаппақ. Сондықтан бұл жолы қанды сумен жумақ болдым. Мәмілелік басқармаға менің сөзімді жеткізіндер, жылқы сатқанда төленбей мойындарыңда қалған бір миллион сегіз жүз мың теңгені тезірек қайтарып берсін! -дейді. Таң патшалығы Тонбаға қағанның талабына сай айтқанын орындап, Сянь-ань атты тағы бір мәлікесін оған әйелдікке береді. Екі мемлекеттің қарым-қатынасы қалыпқа түскеннен кейін, Таң патшалығы “ұйғыр” деген атауды лашындай құйғу дегендегі “құйғыр” сөзіне алмастырады. Ол қытайша “құйғу” болып жазылады. Тонбаға тарихи міндетін өтеп сол жылы қайтыс болады.

Оның орнына ұлы Талас отырады. Қытай тарихында оны 多羅斯 деп жазады. Ал ескерткіште оны: “орнына ұлы Тәңірде болмыш Қатлық Білге қаған отырды. Мемлекеттің салт-дәстүрін өзі жөнге келтіріп, бір ізге салды (子登裏羅沒蜜施俱錄毗伽可汗嗣位，治化國俗，頗有次序)”- деп естелікке алған (11.14-11.36 жол.). Бұл оның өмірі туралы бізге жеткен бірден бір дерек. Ал қытай деректерінде ол туралы мардымды ештеме жазылмайды. Бізге белгілісі тек қана оның 790 жылы өз інісі тарапынан өлтірілгені.

Ол қайтыс болған соң орда бектері ақылдасып, оның ұлы Айчурды қаған сайлайды. Мәңгі таста оның лақабы Алып Құтлы Білге қаған (合汨咄祿毗伽可汗) деп жазылған (11.38-11.45 жол.): “Орнына ұлы Алып Құтлы Білге қаған отырды. Ол табиғатынан көңілді жан еді (天姓康樂)” деп ауызға алынады. Ол туралы біз жоғарыда 6.3.1 тақырыбында ішкі уәзір Ел-Үлгісі туралы зерттеуімізде тоқталып өткен болатынбыз. Айчур 795 жылы қайтыс болады. Осы жылы оның бас уәзірі Құтлық Біріккен Түркі қағанатына қаған болады. Ол осынау тас ескерткіште: Қайтыс болған соң Тәңірде Иерөлміш алып Құтлы Көл білге қаған оның ізін басты 崩後，登裏羅羽錄沒蜜施合汨咄祿胡祿毗伽可汗繼承 (11.50-11.71 жол.) деп нақышталған.

Тарихшылар Құтлықтың шыққан тегі едіз тайпасы деседі. Ол туралы «Жаңа Таң кітабы, Ұйғырлар баянында»: Құтлықтың шыққан тегі едіз нәсілінен еді. Әкесінен жас қалған, оны төбе ұлыс басы асырап өсірді. Ол ойы ұшқыр, талғампаз, өжет және қару өнеріне шебер болып ержетті. Тәңір сүйер қаған (Тонбаға) тұсында талай мәрте қол бастап, ұлыс басылардың ерекше қадір-құрметіне бөленді. Осылайша өмір бойы яғлақар руының атақ-даңқын шығарып, өз руының атын да атамады. Сарайға қол тапсыруға қағанның

немере-шөберелерін жіберіп отырды [252] делінеді. Ол биліктегі кезінде мемлекет ішіндегі не алуан жөнсіздіктерді жөнге салады. 805 жылы ол қайтыс болып, орнына Тәңірде Алып Күлік Білге қаған отырады. Ескерткіште де оның аты осылай жазылған: 崩後滕裏野合俱錄毗加可汗嗣位 (15.57-15.70 жол.). Бірақ оның Құтлықтың ұлы екені немесе басқа тұқымнан екені тарихи деректерде жазылмаған. Бұл ескерткіште де солай. Ол 808 жылы қайтыс болған соң орнына Айтәңірде Құтболмыш Алып Білге қаған отырады (808-821).

Ол таққа отырудан бұрынғы жайлар туралы ескерткіште былай делінеді (12. 1-19.14 жол.):

前合毗伽可汗，當龍潛之時，于諸王中最長，都督、刺史、內外宰相、親國官等奏曰：天可汗垂拱寶位，輔弼須得。今(合)可汗有佐治之才，海嶽之量。國家體大，法令須明，特望天恩，允臣等所請。可汗宰衡之時，與諸相殊異，為絳誕之際，禎祥奇特。自幼及長，英雄神武，坐籌帷幄之下，決勝千里之外。溫柔惠化，（撫育百姓），因世作則，為國經營，筭莫能紀。初北方堅昆之國，控弦冊余萬。彼可汗自幼英雄智勇，神武威力，一發便中。堅昆可汗，應弦殂落。牛馬穀量，仗械山積，國業蕩盡，地無居人。複葛祿與吐蕃(連入寇kou，跌跌)偏師，於勻曷戶對敵，智謀弘遠。北庭半收半圍之次，天可汗親統大軍，討滅元兇，卻複城邑。食土黎庶，含氣之類，純善者撫育，悖戾beili者屏除。遂□□□□媚磧，凡諸行人，及(於)蓄產，崩後滕裏野合俱錄毗加可汗嗣位。□□□胄zhou遺棄。後吐蕃大軍，攻圍龜茲，天可汗領兵救援。吐蕃落荒，奔入於術。四面合圍，一時撲滅，屍骸臭穢，非人所堪，遂築京觀，敗沒餘盡。崩後，登裏羅汨沒蜜施合毗伽可汗繼承。□□□百姓輿狂寇合從，有虧職貢。天可汗躬惣師旅，大敗賊兵，奔逐至眞珠河，俘掠人民，萬萬有餘，馳馬畜乘，(不可勝計)，餘眾來歸。□□□自知罪咎，哀請祈訴。天可汗矜其至誠，赦其罪戾li，遂輿其王，令百姓複業。自茲已降，王自朝覲，進貢方物與左右廂選實力□□□□，崩後，登裏羅羽錄沒蜜施句主錄毗加可汗繼承。□□□軍，將供奉官，并皆親睹，...

Жазбаның аудармасы:

“Сол кезде, Алып Білге қаған әлі таққа отырмай тұрған кезде бектердің ішіндегі ең сыйлысы болды. Тұтықтар, дуанбасылары, ішкі-сыртқы уәзірлер, дегдар ұлықтар былай деді: Тәңір қаған ел аман, жұрт тынышта өзінің қасиетті тағына отырды, уәзірлер істі дұрыс атқаруы керек. Бүгінде Алып қаған бажақ елдерді басқаруда қолғабыс болар қауқарға ие, күш-қуаты мығым. Мемлекеті ұлғаусар, заң-жарлығы жүріп тұр, Тәңірдің рахметімен, біз зәлітті уәзір-ұлықтарыңыздың оны өз жағымызға тартуымызға рұқсат етуіңізді ерекше өтінеміз. Қаған чжайхэн (уәзір) лауазымында болған кезде басқа уәзір қаралардан оқ бойы алда, туғаннан жаны айрықша ізгі еді. Бала кезінен тартып қару өнеріне шебер әрі ержүрек болып өсті, шатырында отырып ойлаған амал-айласымен мыңдаған ли жырақтағы жауды жеңді. Өз басы мейірім мен қайырымға толы еді, (қашанда бұқара-халыққа сүйеніш болып жүретін), елі үшін сауда жасап, есеп-қисапқа, хат-қаламға жүйрік болды. Бастабында солтүстікте қырғыз елінің садақ көтеретін 30 мың қолы бар еді. Қаған жастайынан ақыл-парасатқа бай, ержүрек, әрі қару өнеріне жетік болып өсті.

Сондықтан атқан оғы мүлт кетпейтін. Қырғыз қағаны жебе тиіп мерт болды. Малы иесіз қалды, қару-жарағы тау мая болып үйілді, елі ойран болды, жерінде жан баласы қалмады. Артынша, қарлұқтар түбіттермен бірігіп, бүлік шығарып, қол сайлады. Юньгэхуда (?) жауласып, амал-айласын алысқа сайлады. Бесбалық жартылай алынып, жартылай қоршауда тұрған кезде, Тәңір қаған өзі қалың қолды бастап барып, бас әзәзілді жайратып, қорғанды қайтарып алды. Қара халық ашықты, бойларын ашу-ыза кернеді. Олардың ізгі ниеттілеріне жәрдемдесіп, қарсы шыққандарын аластады. Сөйтіп, кербез құм..., қатардағылардың бәрінің дерлік мал-мүлікке қолдары жетті. (Құтлық) қайтыс болған соң, орнына Тәңірде Алып Күлік Білге қаған отырды...дулығысы қалып қалды. Кейін Тибеттің қалың қолы Күсәнді қоршап алған кезде, Тәңір қаған әскер бастап көмекке барды. Тибеттер жеңіліп, Юйшуға қашып барды.Төрт тараптан бірігіп қоршап, бір демде оларды жойып жіберді. Айнала сасыған өліктерге толып, адам төзгісіз жағдайға жетті. Су, қала құрылыстары қирандыға айналды. Ол (Күлік Білге қаған) қайтыс болғаннан кейін, (осы) Тәңірде Құт болмыш Алып Білге қаған таққа мұрагерлік етті.....бұқара қанқұйлы қарақшылармен бірігіп, төгілген терді зая кетірді. Тәңір қаған қару сайлап, қол бастап, сатылған қосынға қатты соққы беріп, оларды Инжу дәриясына дейін қуып салды, неше түмен бұқара-халықты тұтқынға алып, қисапсыз мал-мүлікке ие болды, қалған бұқара өзі келіп бағынды. Өз кінәларын біліп, жалынып кешірім сұрады. Тәңір қаған олардың адал ниеттерін біліп, олардың қылмыстарына кешірім жасады, олардың бектерімен селбесіп, бұқараның өз шаруашылықтарымен айналысуына әмір берді. Күсан бағынғаннан кейін, оның патшасы өздігінен сарайға сәлем бере келді, өздерінің жерлік өнімдерін тартуға әкелді, оң-сол бағыттағы негізгі күшін күшейтіп,..."

Тасқа қашалған бұл жайлар Алып Білге қағанның қаған тағына отырудан бұрынғы және кейінгі өмірінде атқарған істері туралы баяндайды. Таң мемлекетінің оны құрметтеп, оған арнайы ескерткіш қоюға көмектесудегі мақсаты да оның тірі кезінде Таң мемлекетінің игілігі үшін істеген істерін әспеттеу, оны мәңгі есте қалдыру болатын. Ал Алып Білге қағанға келсек, ол өз кезінде Шығыс Түркістанда Таң мемлекетінің ықпалынан пайдаланып өз ырықтылығын сақтап қалуды, сол арқылы көне жібек жолының өз аумағынан өтуін, одан түсетін пайда көзін қамтамасыз ету үшін Бесбалық сынды маңызды бекіністі жанын сала қорғап, ол жерден тибет күштерін ығыстырып шықты. Өз кезегінде бұл да Таң патшалығының діттеген жерінен шықты. Екінші мағынадан алғанда Алып Білге қағанның кезінде Біріккен Түркі қағанаты мен Таң мемлекетнің арасы бейбіт жағдайда өтті. Жоғарыдағы тас жазулар оның өмірінің көптеген қырларынан мәлімет береді.

Тастағы жазбаны Қытайдың өзге де тарихи деректерімен салыстыра келгенде Алып Білге қаған өмірінің маңызды белестері төмендегідей болған: Ең әуелі 808 жылы таққа отырысымен 200 мыңдық атты жасақ дайындады. 810 жылы қырғыздарға жорық жасап оларды бағындырды. Артынша Бесбалыққа жасаған жорығы кезінде бұл қаланы Тибет қосындарының қолынан қайтарып алды. Тибет қолын қазіргі Оңтүстік Шынжандағы Күчарға

дейін қуып барды. Сол кезде қазіргі Ашыма мен Чарши маңында Тибет қолы оларды алдан тосып, екі жақ қатты шайқасты. Алып Білге қаған осы соғыста өзінің әскери талантын әйгілеп, тибеттерді ойсырата жеңді. Одан соң Қашқар арқылы Ферғанаға өтті. Ферғана және оның атырабындағы жерлерді өз қарамағына алып, онда тұтық мекемесін құрды.

Орхон бойындағы Қарабаласағұнға қайтып келгеннен кейін, 812 жылы, қыста тағыда әскер бастап Ұлы шөлдің оңтүстігіне өтіп, батыс қанатта Тибетке соққы берді. Осы кезде Таңның шекара қорғанысы мындаған түрік аттыларының Питуань (鵑鵑泉) деген жерге (Батыс Бас-ию қаласының солтүстігіне қарай 300 ли, қазіргі Ішкі Монғолиядағы Канцин артқы туына қарасты Уга өзенінің солтүстік жағында) жеткендігі туралы ордаға хабар берді. Таң патшалығы олардың осы орайда өздеріне шабуыл жасап кіруінен қорқып, шекара қорғанысын шұғыл жағдайға келтіріп, Шығыс Бас-ию қаласына (қазіргі Ішкі Монғолияның Тоқто ауданының оңтүстігінде, Хуанхэ өзенінің солтүстігінде) көп әскер аттандырды. 813 жылы мамыр айында Таң патшасы Ючжоу аймағына 宥州 (қазіргі Ішкі Монғолияның У-шэн 烏審 туы) үлкен бекініс орнатып, елдегі құдіретті қосынның (神策軍) тоғыз мың адамын осы жерге тың игеруге орналастырып, түркілердің басып кіру қаупінің алдын алды. 815 жылы Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қаған Табғаш еліне жаушы жіберіп, патша Сян Цзуннен (憲宗805—820) қызы Тайхэ патшайымды (太和公主) өзіне ұзатуды талап етті. Ол патшаның он жетінші қызы еді.

Таң ордасы қыз ұзатуға кететін қаржының ерепайсыз көптігін алға тартып, бұл ұсыныстан уақытша жалтаруға мәжбүр болды. Сол кездегі есеп бойынша, бұған бір миллион минь (緡) қаражат кететін еді (Көне Қытайда бір бетіне жазу жазылған теңгені бір вэнь (文) дейтін. Сол бойынша есептегенде бір минь бір мың вэнь болатын). Оның үстіне Таң ордасы уақытты сәл соза түсіп, өзінің әскери қуатын арттыруды да көздеді. Бұл сол кезде Біріккен Түркі қағанатының Таң патшалығына қарағанда әскери жақта әлде қайда басымдылыққа ие екенін көрсетеді. Таңның юанхэ жылнамасының 9-шы жылы, яғни, 814 жылы мамыр айында салт-дәстүр мекемесінің бастығы Ли Цзян (李絳) патшаға хат жазып, былай дейді:

“Ұйғырлар(оғыздар-ав.) қанқұйлы, әрі қуатты. Қорғансыз қарап отыруға болмайды. Хуайхэның батысындағы жағдай күрделі. Қатаң қадағалауды қажет етеді. Бүгінде Цзян, Хуай үлкен аудан есептеледі. Әр жылы оларда 200 мың минь (тізбек) салық тапсырушы бар. Бұл ханшаны ұзатуды қаржыландыруға жетеді. Патша ағзам, бір ауданның салық кірісін үнемдеймін деп, есесіне күшті жауды жүгенсіз жіберсек болмайды. Ұйғырлар егер тойға рұхсат алса, көңілдері жайланып, түрлі ойдан арылар еді. Ондайда біз қамал-бекіністерімізді бекемдеп, әскери қуатымызды арттырар едік. Шекара шебіміз бекісе, күш-қуатымызды Хуайхэның батысына бұрып, сәттілікке қол жеткізер едік. Бүгінде ханша ұзатылмады, оның үстіне батыс қаланың (Батыс Бас-ию қаласының) қорғанысы әлсіреп тұр. Құмдықтың жолы қорғаныссыз жатыр. Тянді бекінісін қайта жарақтасақ, жаудың әптігі басылар еді. Егер солтүстік мықты қорғаныста болса, Хуайхэның батысындағы сүйекке таңба болатын істерден арылып, ордамыздың баяғыдан бергі билігін қалпына

келтірер едік. Егер жау қолы оңтүстікке беттесе еліміз 30 мың жаяу сарбаз және бес мың атты сарбазсыз қарсы тұра алмаймыз. Бір жыл уақыт жұмсап оларды жеңдік десек те, бұның бодауы ханшаны ұзатқаннан асып кетпей ме!” [23, 234 б.].

Бірақ, Сянь Цзун патша оның ұсынысын қабылдамады. Соған қарағанда Тайхэ ханша патшаның ең сүйікті кенже қызы болса керек. Сөйтіп, 817 жылы көктемде ұйғырларға елші жіберіп, уақытты кейінге қалтыра тұруды талап етті. Таңның юанхэ жылнамасының 15 жылы (820 ж.) көктемде Түркі қағаны өз қол астындағы Қатаған (合達汗) дегенді елшілікке жіберіп, қызды сұратқанда ғана патша мақұл болды. Бірақ 821 жылы сәуірде Алып Білге қаған қайтыс болады да, орнына ұлы Тәңірде Ұлық болмыш Алып Күчлүк Білге қаған (登裏囉羽錄沒蜜施合句主錄毗伽崇德可汗) отырды. Бұл қағанның аты да ескерткіште қағыс қалмаған. Сондай-ақ, алдын ала оның бұған дейін істеген істеріне де тоқталып өткен. Бұған қарағанда, осы жолдарды алдын ала жазып қою туралы Алып Білге қағанның өзі ұсыныс жасаса керек. Өлгеннен кейін артымда да із қалсын деген ойдан туған қам-қаракет болса керек (19.15-22.20 жолдар):

至於賊境，長驅橫入，自將數騎，發號施令，取其(必)勝。勅敵必摧，追奔逐北，直至大敗，殺萬人有餘。□□□功伐葛祿、吐蕃，擐qian旗斬zhan馘，追奔逐北，西至撥賀那國，俘獲人民及其(畜產)。葉護為不受教令離其土壤□□□九姓毗伽可汗復輿歸順葛祿冊眞珠智惠葉護為主，又十箭三姓突騎施□□□寺宇令僧徒寬泰，聽土安樂。

“Ол қайтыс болған соң, Тәңірде Ұлық болмыш Күчлүк Білге қаған таққа мұрагерлік етпек. ...қолын....., лауазым беріп, бәрімен тату тұрды. Шекарадағы қарақшыларға келсек, ол жаққа тізгін ұшымен жебелей жетіп, қолға өзі бас болып, жарлық шашып, олардың үстінен жеңіске сөзсіз жетуіміз керек, Күшті жау күйреуі керек деді. Оларды солтүстікке қарай тықсырып, күйрете жеңді, бір түменнен астам адамын өлтірді.....қарлұқтарға, тибеттерге шабуылдап, олардың туын жығып, сардарын бас идірді, қалғанын солтүстікке қарай қуа соққылап, батыста Ферғанаға дейін жетіп, қалың бұқара мен мал-мүлік олжалады. Ябғұ бұйрық-жарғыдан бой тасалау үшін өз топырағынан безіп, Тоғыз (оғыз) Білге қаған бағынған Қарлұқ Инжі білге ябғұны қайтадан басшы етіп тағайындап, он оқтар мен үш арыс түркештерді..... ғибадатханада мүриттер кендік пен тыныштық тілейді, тыныш қуанышқа ұйиды.”

Бұл жазылған мазмұндар басқа деректерде кездеспейді. Бірақ оның қағандық тақта отырған кезі біріккен Түркі қағанатының құлдырау кезіне тұспа-тұс келді. Таққа отырысымен әкесі сұратқан Тайхэ ханшаны әмеңгерлікке алады. Ол мемлекетті түрлі діни, саяси, этникалық қақтығыстардан арашалап қала алмады. Нәтижесінде 825 жылы Біріккен Түркі қағанатының тағына Азар Тегін отырып, өзін Ай тәңірде құт болмыш құт білге қаған деп атады. Оның Қағандық дәуірі 832 жылға дейін жалғасты. Ол өлтірілгеннен кейін, орнына Құт тегін (Ай Тәңірде құтболмыш құш Құш Күчлүк Білге) қаған болды. Бірақ оның отыруы қағанаттың зауалға бет алуын одан сайын тездетті. Орда ішіндегілердің көшілігі оның билікке келуіне

наразы болды. Уэзір Арчун-күм мен Санга тегіндер бірлесіп оған қарсы шықпақ болғанда сезіліп қалып, түгел дерлік өлтірілді. Оның бұл қылығына наразы бас уэзір Төрмер Қарабұлық (掘羅勿) 839 жылы шадалардың көмегімен көтеріліс жасап, ордаға келгенде Құт тегін өзін өзі өлтіреді. Қарабұлық таққа өзі отырмай Апсап тегінді қаған көтереді. Бұл кезде елде ашаршылық туылып, жұқпалы ауру тарайды. Оның үстіне қалың қар жауып қыруар қой, жылқы жұттан қырылады.

Саяси дағдарыс пен жаратылыстық апаттың қоса қабатталып келуі биліктің ауысуына жағдай жасады. Ақыры 840 жылы қағанаттың әскер басы Күчлүк Баға (句錄莫賀) бас уэзірлердің қылмысына төзіп тұра алмай, қырғыз Ара (阿熱) қағанмен бірлесіп, 100 мың біріккен қол сайлады. Сол жылы қырғыз қолы Біріккен Түркі қағанатын жойды. Бірақ бұған бола қырғыздарды ежелден “атасы басқа” бөгде жұрт санатына жатқызуға болмайтын. Бұл тек батыста Алтай тауларынан шығыста Кенді тауына, терістікте Енисейден оңтүстікте Қытай қабырғасына дейінгі аралықта жасаған түркілердің саяси өміріндегі үшінші реткі билік ауысуы еді.

Деректерге талдау

(1). Тарихта “көне ұйғырлар” деп VII ғасырда Орхон бойында Орхон ұйғыр мемлекетін құрушы, яғлақар ақсүйектерін негіз еткен түркі тайпаларының одағын айтса, “қазіргі ұйғырлар” деп бүгінде Шығыс Түркістанды мекендейтін ұйғыр этносын атайды. Бұл атау Шығыс Түркістан ұйғырларына олардың бір тармағының көне Орхон ұйғырларынан екенін ескеріп, XX ғасырдың 30-жылдары берілген. Шын мәнінде көне ұйғырлар құрамында барлық көне түркі тайпаларын қамтыған суперэтнос болатын. Қытай деректерінде көне түріктердің бір бөлігін ең алғаш “янғыр” (юаньхэ — 袁紇) (Вэйшу Гаошэ чжуэнь), оғыз (уху — 烏護) (Сушу тели чжуэнь) деп, кейін келе иоқыр (вэйхэ — 韋紇), құйғы (хуйхэ — 回紇), құйғыр (хуйгу — 回鶻) деп түрліше атады. Янғыр атауы көбінше бүгінде өздерін «сары иохыр» (шар иохыр) атап жүрген Гансудағы көне түркілік этноспен тікелей қатысты. Деректердің бірінде: “иохырдың арғы аталары—ғұндар. Салттарында көбінде биік доңғалақты арбаға түсіп жүреді. Юаньдар билігіндегі Вэй патшалығы кезінде Қаңқа ұлысы (гаошэ, яғни, биік арбалылар — 高車) немесе теглек деп аталды. Ол теглек (тели) дегенді жаңылып айтқаннан болған. Бұлар ұлыс ретінде янғыр, сыр-енда, ...байырқу, тоңра, ... секілді он бес тайпадан тұрады. Шөлдің теріскейіндегі кең өлкеге бытырай қоныстанған. Янғыр оғыз деп те аталды. Кейде ұғыр делініп жүрді. Суй патшалығы кезінде иоқыр болды. Бастабында ұлыс бексіз жасады. Судың тұнығы мен шөптің сонысына қарай қоныстанды. Ат үстінде садақ тартуға шебер болды. Барымта-сырымтамен күн көрді. Түріктердің қоластына қарады. Түріктер қазыналық көмек беріп оларды теріскей даланың мықты ұлысына айналдырды. (Суй Янди патша заманының) даиэ жылдары (605—618) Суар қаған телектерге шабуыл жасап, олардың мал-мүліктерін тартып алды. Кейін келе кек сақтап, пәле болар деп олардың ел ағаларынан бірнеше

жүз адамды бір жерге жинап түгел қырып, көміп тастады. Иокыр бүркіт (бугу — 僕骨), тонра, байыркулармен бірігіп, көтеріліс жасап, өз іштерінен іркін тағайындап, құйғыр деп аталды. Құйғырдың әулет аты — яғлақар. Олар сыр-ендалардың терістігіндегі астанаға жеті мың ли (қытайша бір ли — жарты шақырым, яғни, 500 м.) қашық Селенга суының бойына қоныс тепті” [24] - делінеді. Демек, осы айтылған қытайша деректер мен мәңгі тас жазбалары, олардың тұрған жері туралы сипаттаулар бір-біріне сәйкес келеді. Батыс дүниесінде ұйғырға қатысты бір дерек Клаудиус Птолемейдің (Claudius Ptolemy) Серис (Serice) мемлекеті туралы пайымдарынан кездеседі: Бұл елдің шекарасында Дамнэ (Damnae) және Пиаддэ (Piaddae) мемлекеттері бар. Пиаддэ елінің шекарасы Ойхордас (Oe chordas) өзеніне дейін созылады. Өзен бойында Ойхордас мемлекеті бар-дейді ол. Ағылшын ғалымы Генри Юль (Henry Yule) Серис елі қазіргі Синьцзянда. Ал, Ойхордас—Ұйғыр мемлекеті дейді [25, 3 б.]. Кейбіреулер “ұйғыр” этнонимін Александр Македонский Орта Азияға келгенде ту далада ат құлағында ойнаған, емін-еркін, жауынгер халықты көріп, таңданып “Inan khuz khurand” (нағыз еркін, қағылез, өзін өзі асырайтын) деп айтқан сөзіндегі “khuz khur” тіркесінен келген деп есептейді [25, 11-12 бб.]. Бұл сөз Махмұт Қашқаридың “Диуани лұғат ат-түрки” атты еңбегінде келтірілген. Бірақ бұлар тек болжам ғана. 788 жылы түріктердің басшысы Құтлық (Тонбаға 780—789 ж.) қаған Таң патшасына хат жазып “ұйғыр” сөзінің қытайша жазылуына мағыналық жақтан да, дыбыстық жақтан да өзгерістер енгізуді сұрайды. Хатта: “ұлтымыздың сұңқар сияқты қағылез, қыран екенін бейнелеу үшін ұйғыр дегенді бұрынғыдай “хуэйхэ” (回紇) емес, “хуэйгу” (回鶻) «күйғу», аспанда еркін күйғып ұшу) деп жазсаңыздар екен деген өтініш айтады” [24]. Этнонимнің бұл кезде «ұйғыр» емес, “күйғыр”, яғни, құсқа байланысты өзгергенін олардың өздері қалап алған “гу” (鶻) иероглифі де дәлелдейді. Ол бой-тұрқы қаршығадай, түсі қаракөк алмыр құс—лашын еді. Ал оның алдындағы 回 иероглифі бір нәрсенің “айналып өз орнына қайтып келуі, бұрылуы, үйірілуі, айналуы, орғып айналуы, айналсоқтап қалуы” секілді мағыналарда жұмсалған. Осы бойынша талдағанда, қытайша “хуэйхэ” (回紇) сөзі “айлана келіп ұю, байланып қоюлану, байланып қату” деген мағынаны, ал “хуэйгу” (回鶻) сөзі “айланып ұшатын лашын құсы” деген мағынаны беретін еді. Демек, ұйғырлар осы кезде этнонимнің “үйю”(ұйғыр, байланғыр) мағнасынан саналы түрде бет бұрып, қыран құсқа тән “күйғу” немесе “күйғыр” (күйғып ұшатын) атауын қабылдаған. Бұл қытайша дыбысталуына да сай келе кеткен. “Күйғыр” (күйғығыр) сөзі қазіргі қазақ тілінде қыран құстың қимылына байланысты айтылатын атау түрдегі етістік “күйғу” сөзінің түбіріне болжам сипатты сын есім тудырушы “-ғыр” жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Ондай сөздер, мысалы: көресін көргір, алғысын алғыр, Тәңір тілеуін бергір, дәулеті тасқыр, қара басқыр, т.б. қазақ тілінде көп кездеседі. Осыған қарап, сол кездегі түркі дипломаттарының қытай тілін өте жетік меңгергенін және оны өз ана тілінің табиғатына сай шебер пайдаланғанын байқауға болады [26, 12 б.].

(2). Телелер туралы Қытай дерегі былай дейді: “Теленің арғы аталары—ғұндар. Олардың нәсілі өте көп. Батыс теңіздің (Каспидің - авт.) шығыс жағалауынан бері қарайғы тау мен сай-саланың бәрінен бұларды кездестіруге болады... Тоғла өзенінің терістігінде Бүркіт (бугу僕骨), тонра (тонло同羅), құйғыр (хуэйхэ回紇), байырку (боиегу撥野古), боғра (фуло覆羅) ұлыстары тұрады да ағаманың (басшысын) Іркін дейді...соғысқа жарамды адамы жиырма мыңдай. Үбірдің (Июй 伊吾) батысы мен Ангенің терістігіндегі Ақтауды (Тянь-Шаньді) қапталдай қыбыт (чиби契弊), бұлашық (боло薄落), едер (чжи-и職乙), сұба (чжису啞蘇), нағар (бонахэ 婆那曷), оғыз (уху 烏護), қырғұт (хэгу紇骨), ядыр (иечжи也咥), иүрегілер (юниху於尼護) тұрады. Соғысқа жарамды адамы жиырма мыңдай. Алтынтаудың (Алтайдың-авт.) оңтүстік-батысында сыртардұш (сэяньто-薛延陀), таринақ (чжилэ-эр 啞勒兒), зыбан (шипан 十盤), дарқыттар (дачи 達契) тұрады. Бұлар да жорыққа он мың адам шығара алады. Қаңлының терістігіндегі Еділ суының бойын едіз (хэ-чжэ訶咥), ғажар (хэцzie曷截), барқұт (боху撥忽), биган (бигань比干), коқы (цзюйхай具海), қабыш (хэбиси曷比悉), ажасу (хэсуосу何嵯蘇), баямыт (боиемо撥也末), кердерлер (иеда謁達) мекендейді. Бұлар да жорыққа отыз мыңдай әскер шығара алады. Теңіз (Арал) көлінің шығыс және батыс жағалауында салар қият (сулоцzie蘇路羯), үш сақын (сансу-яньмие 三素咽蔑), сақырлар (сусах-促薩忽) отырады. Бұларда сегіз мыңдай жасақ бар...”. Бұдан Біріккен Түркі қағанатын құраған оғыз, қыбыт, сыртардұш тектес негізгі тайпалардың әуелде қазіргі Қазақ жерін мекендегенін байқаймыз. Олардың бәрі Каспий, Арал, Алтай, Тянь-Шань секілді табиғи географиялық шекаралармен қоршалған аумақта жасағаны көрініп тұр. Ал осында аты аталған үш сақын, қырғұт, ғажар тектес тайпалардың да кейін оғыз бірлестігінің құрамына кіргені белгілі. Осылайша, Орхондық оғыз түріктері Орта Азияға келуден бұрын да бұл өңірде олардың этникалық құрамын толықтаған осыншама тайпаладың өмір сүруі бізді Біріккен Түркі қағанаты құрамындағы бұл тайпалар ғұн, түркі қағанаты дәуірінен бастап қазақ этногенезімен тығыз байланыста болған деген ойға жетелейді. Бұл ойымызды сол кезге тән оғыз (ұйғыр) этностарына байланысты деректер, сондай-ақ, олардың 840 жылдан соң Шығыс және Оңтүстік Қазақстанға көшіп келуі одан сайын нақтылай түседі.

(3). “Жаңа Таң кітабы. Ұйғырлар баянында”: “Ұлыс тоз-тоз болды. Уәзірі Сапшық пен Пан текін он бес тайпа елін бастап, қарлұқтарға паналады. Қалған қалдық бұқара Түбіт пен Ансиге қосылды,”- дейді. Осы дерек бойынша тарихшылар батысқа беттеген ұйғырлар (оғыздар) негізінен үш бағытпен көшкен деп жүр. Мұның ішінде қарлұқтар иелігіндегі Тарбағатай мен Жетісуға қарай бағытталған көш ең негізгі бағыт есептелген. Халықтың ұлғаусар бөлігі де осы бағытпен жүріп өткен. Өйткені оларды бастап жүргендер бұрыннан елдікке мұрындық болған қаракөктің тұқымдары еді. Ал, олардың бет алған бағытындағы қарлұқтар туралы Қытай дерегі: “олар Бесбалықтың терістік-батысына, Алтынтаудың (Алтайдың) батысына, Бүркітшің суының екі қапталынан арғы Тадат асуын қамтыған Қабы ұлысына жапсарлас кең өлкеге қоныстанған”-дейді. Бұл олардың алғаш табан тіреген

жері болса керек. Өйткені “Таң кітабында” тағы да “чжэдэ жылдарынан (756—758) бастап, қарлұқтар бірте-бірте күшейіп, ұйғырлармен бой таластырып, он оқ қағанының ескі қонысына көшіп барып, Сұяб, Талас камалдарын басып алды. Алайда бәрібір ұйғырлардың шылауында болғандықтан сарайға дербес қол тапсыра алмады”, - делінеді [27]. Тарихшы Гу Бао бір еңбегінде бұл қарлұқтардың бұрын ұйғырлардың он бір тайпасының бірі болғандығын, олардың Тянь-Шаньның солтүстігі мен Іле өзені бойында көшіп-қонып жүргенін тілге тиек етеді.

Тұрсынхан ЗӘКЕНҰЛЫ, *тарих ғылымдарының докторы, профессор*

Пайдаланған әдебиеттер

1 Зәкенұлы Т. Ордабалық түркі жазба ескерткішінің тарихи негізі // С.Торайғыров атындағы Повлодар мемлекеттік университеті Ғылыми журналы. – Повлодар, – 2005. – № 2. – 18-26 бб.

2 Heikel A.O. Inscription de L'Orhon recueillies par l' expedition Finnoise 1890 et publiees par la Societe Finno-ougrienne. – Helsingfors. 1982. – 38 p.

3 Бартольд В.В. К вопросу об языках согдийском и тохарском. – Соч., – Т. II, ч 2. – М., 1964. – С. 461-470.

4 Болин С.Л. Сведения арабских сточников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах. – ТИИАЭ АН Каз ССР, 1960. – Т VIII. – С.83.

5 Қайдар Ә. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 358 б.

6 Гэн Шиминь 耿世民. Ұйғырлардың ежелгі әдеби-тарихи мұраларын зерттеу 維吾爾古代文獻研究.北京. – Пекин, 2003. – 546 б.

7 Чэн Сулуо 程溯洛. Тоғыз оғыз Білге қаған ескерткішіндегі Ұйғыр мен Таң әулеті қарым-қатынасына қатысты тұстар 釋漢文九姓回鶻毗加刻漢碑中有關回鶻和唐朝的關係 // 中央民族學院學報. – Пекин, – 1978. – № 2. – 11-21б.

8 Сартқожаұлы Қ. Объединенный каганат тюрков (745-840). – Астана, 2001. – С.202.

9 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – I т. – Астана, 2003. – 392 б.

10 Зәкенұлы Т. Көне «ұйғыр» этнонимі және «құйғырлар» // Изденіс (Поиск). 2005. – № 3 (2). – 42-44 бб.

11 Gabain A.V. 馮佳班. Das Leben im uigurischen Konigreich von Qoco (850-1250) 高昌回鶻王國的生活. – China-Turfan, 1989. – 299 б.

- 12 Чжунго байкэ да цыдянь 中國百科大辭典. – V т. – Пекин, 1999. – 3880 б.
- 6 Гэн Шиминь 耿世民. Ұйғырлардың ежелгі әдеби-тарихи мұраларын зерттеу 維吾爾古代文獻研究. 北京. – Пекин, 2003. – 546 б.
- 13 Brown P.R.L. The Diffusion of Manichaeism in the Roman Empire // Religion and Society in the Age of St. Augustine, – London, 1972. – pp. 104-105.
- 14 Dodge B. The Fihrist of Al-Nadim, – New York, 1970. – pp. 802.
- 15 劉南強 Samuel N.C.Lieu. Polemics against Manichaeism as a Subversive Cult in Sung China 宋代中國反摩尼教儀的爭論 // Bulletin of the John Rylands University of Manchester 曼徹斯特大學通訊 62/1, – 1979, – p.157 .
- 16 Зәкенұлы Т. Көне түркі ескерткіштеріндегі мәдени диалог көріністері // «Ұлтаралық және конфессияаралық келісім—Қазақстандағы тұрақтылықтың негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Өскемен, 2008. – 78-86 бб.
- 17 Шаванн Э. 沙畹, Пелльо П. 伯希和. Манихэй дінінің Қытайға таралуы 摩尼教流行中國考 (馮承鈞譯) // Батыс аймақ пен Оңтүстік теңіздің тарихи-жағрапиясы 西域南海史地考證譯叢八編. 北京: 中華書局. – Пекин, 1958. – 62 б.
- 18 W.Bang-A.v.Gabain, Türkische Turfan-texte. II. – Berlin, 1929, – pp. 3-14.
- 19 Ян Фусюэ 楊富學, Нью Жуцзи 牛汝極. Бөгу қаған және манихэй діні 牟羽可汗與摩尼教 // Дунхуантану хабарлары 敦煌學輯刊. – Ланьчжоу, 1987. – № 2. – 86-93 бб.
- 20 Ян Фусюэ. 楊富學. Батыс өңір және Дунхуанның дін тарихы туралы мақалалар 西域敦煌宗教論稿. 甘肅文化出版社. – Ланьчжоу, 1998. – 280 б.
- 21 Ян Фусюэ 楊富學. Ұйғырлардың тарихи мұралары мен мәдениеті 回鶻文獻與回鶻文化. – Пекин, 2003. – 580.
- 22 Жу Айшан ляннь. 如艾尚連. 試論摩尼教與回鶻的關係及其在唐朝的發展 // Сибэй шиди 西北史地. 1981. – №1, – 36 б.
- 23 Цзычжи-тунцзян (Билік ғибратнамасы) 資治通鑒 卷 237 / Ху Саншэн түсінігін жазған 胡三省注文. 中華書局. – Пекин, 1963. – 7638 б.
- 24 ЖТК, 217 бума-1, 142 баян-1, Ұйғыр-1.
- 25 Лю И-тан 劉義棠. Ұйғыр туралы зерттеу 維吾爾研究. 正中書局. – Тайбэй, 1975. – 584 б.
- 26 Зәкенұлы Т. Біріккен Түркі қағанаты және қазақ этногенезі // Қазақ тарихы. – Алматы, 2005. – № 5. – 11-18 бб.
- 27 ЖТК, 217 бума-2, 142 баян-2, Ұйғыр-2.
- 28 Гу Бао 穀苞. Синьцзяндағы ұйғырларының этникалық тегі туралы жаңа ізденіс 新疆維吾爾族族源新探 // 突厥與回紇歷史論文選集 (全二冊), 北京: 中華書局. – Пекин, 1987. – 802-817 б.
- 29 Линь Гань. Ұйғырлардың батысқа көшуі. 林幹. 回鶻西遷考略 // 突厥與回紇歷史論文集. 北京: 商務印書局. – Пекин, 1987. – 728-752 бб.